



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ЖАҢА  
МАМАНДЫҚТАР  
МЕН ҚҰЗЫРЕТТЕР  
АТЛАСЫ

№  
04

2020

[enbek.kz/atlas](http://enbek.kz/atlas)

# АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ  
ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ



THE WORLD BANK  
IBRD • IDA | WORLD BANK GROUP



ЕҢБЕК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ  
ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН  
ЫНТАЛАНДЫРУ





ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ЖАҢА  
МАМАНДЫҚТАР  
МЕН ҚУЗЫРЕТТЕР  
АТЛАСЫ





## МАЗМҰНЫ

<b>1. ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АТАУЛАР ТІЗІМІ</b> .....	4
<b>2. АЛҒЫСӨЗ</b> .....	8
<b>3. ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР АТЛАСЫ ЖАЙЛЫ</b> .....	14
<b>4. ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТ СЕКТОРЫ</b> .....	22
<b>5. АТ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ЖАЙЛЫ ТЕЗИСТЕР</b> .....	38
<b>6. АТ-ДАҒЫ ЖАҢА РТУЛАР: АДАМ, ТЕХНОЛОГИЯЛАР, БОЛАШАҚ</b> .....	48
<b>6.1. Цифрлық диктатура: асқын деректі және технологиялық сингулярлық</b> .....	60
<b>6.1.1. Болашақтың технологиялары: жасанды интеллект, Заттар интернеті, таратылған тізілімдер мен кванттық компьютер</b> .....	84
<b>7. 7. ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТ</b>	

<b>БОЛАШАҒЫНА ДЕГЕН КӨЗҚАРАС: САРАПТАМАЛЫҚ БАҒАЛАУ</b> .....	98
<b>8. 8. ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТ СЕКТОРЫНЫҢ БОЛАШАҚТАҒЫ БЕЙНЕСІ МЕН ДАМУЫНА БОЛЖАМДАР</b> .....	118
<b>9. 9. ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҚ АТ СЕКТОРЫНЫҢ МАМАНДЫҚТАРЫ</b> .....	128
<b>9.1. АТ-секторының жаңа мамандықтары</b> .....	131
<b>9.2. АТ-секторының өзгеретін мамандықтары</b> .....	178
<b>9.3. АТ-секторының жоғалып бара жатқан мамандықтары</b> .....	184
<b>10. АТ СЕКТОРЫНЫҢ БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ</b> .....	190
<b>10.1. Болашақтың құзыретіне шолу</b> .....	200
<b>11. ЖАҢА МАМАНДЫҚТАРҒА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЙ ЖЕРІНДЕ ОҚУҒА БОЛАДЫ?</b> .....	212
<b>12. ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	226
<b>13. ЖОБА КОМАНДАСЫ</b> .....	232





## ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

- ▶ **АТ** – ақпараттық технологиялар
- ▶ **АКТ** – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
- ▶ **ҒТП, Д** – ғылыми-техникалық прогресс, даму
- ▶ **БҚ** – бағдарламалық қамсыздандыру
- ▶ **ДК** – дербес компьютер
- ▶ **ДД** – дербес деректер
- ▶ **ШЕ** – шеткері есептеу
- ▶ **ЖИ** – жасанды интеллект
- ▶ **ОЖ** – операциялық жүйе
- ▶ **ЕҚ** – есептеу қуаты
- ▶ **АЕЖ** – ақпараттық-есептеу жүйелері
- ▶ **IoT** – Заттар интернеті
- ▶ **VR, AR, MR** – виртуалды, толықтырылған, араласқан шындық
- ▶ **ДӨО** – деректерді өңдеу орталығы (Data -орталық)
- ▶ **ДСЖ** – деректерді сақтау жүйесі
- ▶ **ЖІӨ** – жалпы ішкі өнім
- ▶ **ҒЗТКӘ** – ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер
- ▶ **БҰҰ** – Біріккен Ұлттар Ұйымы
- ▶ **COVID 19** – 2020 жылы пандемия тудырған коронавирус инфекциясы
- ▶ **ДЭФ** – Дүниежүзілік экономикалық форум
- ▶ **ОЖ** – операциялық жүйе

- ▶ **АҚ** – ақпараттық қауіпсіздік
- ▶ **ЕҚ** – есептеу қуаты
- ▶ **АҚШ** – Америка Құрама Штаттары
- ▶ **ҚР** – Қазақстан Республикасы
- ▶ **ЖОО** – жоғары оқу орны
- ▶ **ҚР ҰЭМ СК** – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті
- ▶ **NASDAQ** – жоғары технологиялы компаниялардың акцияларына мамандандырылатын АҚШ басты қор биржаларының бірі
- ▶ **ӘӘК** – әскери-әуе күштері
- ▶ **АЕЖ** – ақпараттық-есептеу жүйелері
- ▶ **НҚА** – нормативтік-құқықтық акті
- ▶ **ТҮКШ** – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
- ▶ **ҚР ЕХӘҚМ** – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
- ▶ **ҚР ЕХӘҚМ ЖЖК** – ҚР ЕХӘМҚ Жобаның жұмыс комиссиясы
- ▶ **ҚР ИИДМ** – Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
- ▶ **ҚР ЦДАҒӨМ** – Қазақстан Республикасы Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
- ▶ **КС** – кәсіби стандарт
- ▶ **ЭҚЖЖ** – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші
- ▶ **СБШ** – Салалық біліктілік шеңбері
- ▶ **«Атамекен» ҰКП** – «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
- ▶ **ҰБШ** – Ұлттық біліктілік шеңбері
- ▶ **ҰБЖ** – Ұлттық білім жіктегіші







## IT саланың өзгеретін мамандықтары



## IT саланың жоғалып бара жатқан мамандықтары



## IT саласының жаңа мамандықтары





A | АЛҒЫСӨЗ

2.





## АЛҒЫСӨЗ

### Құрметті оқырман!

*Біз керемет өзгерістер дәуірінде өмір сүріп жатырмыз, біздің өркениетіміз әлеуметтік-мәдени парадигмасының кезекті терең өзгерістері сатысынан, ғылыми-техникалық дамудағы күнделікті шағын алға шығу кезеңінен өтіп жатыр.*

Төртінші өнеркәсіптік революция қоғам мен еңбек нарығына жаңа тәртіпті беруде. Алдағы 10-15 жыл ішінде ФТП жылдамдығы тек арта бермек.

Әсіресе, бұл АТ саласында анық байқалатын болады, оның даму көкжиегінің кеңдігі қаншалықты ауқымды болса, мұнда техникалық прогрестің жаңа бағыттары жиі пайда болғандықтан, АТ секторының эволюция қарқынын іліп қалу соншалықты қиын, мұнда оған бейімделу туралы сөз қозғаған жоқпыз.

Еңбек нарығының конфигурациясы көптеген факторлардың ықпалымен қалыптасады.

Халық саны мен адамдардың орташа өмір сүру жасы ұзарады, және осы себепті олардың еңбекке қабілеттілігі мен экономикалық белсенділік кезеңі де ұзарады, ұтқырлығы артады, білім алуға қолжетімділік кеңейеді.

*БҰҰ болжамы бойынша, 2030 жылға қарай Жердегі халық саны қазіргі таңдағы 7,7 млрд. адамнан 8,5 млрд. адам санына дейін жетеді. Ал, Қазақстанда азаматтардың саны 2019 жылдағы 18,6 млн. емес 24 млн. адамға жетеді.*

Біздің еліміздегі халық санының перспективалық салмағына экономикалық белсенділіктің ағымдағы деңгейін түсіріп алғанда, өмір сүру ұзақтығының болжанған кезеңі мен зейнеткерлік жасының көтерілуін назарға ала отырып, 2030 жылдардың табалдырығында біздің экономикалық жағынан белсенді отандастарымыздың үлесі шамамен 70% халықтың – 14,4 млн. жұмысқа қабілетті азаматтар қазіргі 9,2 млн. адамға қарсы келеді. Мұнда қалаға қоныстану қарқынының





ұлғаюын қосамыз, ол да АТ-секторға біршама әсерін тигізеді, себебі оның тарту күші негізінде қалалық елді мекендерде орналасқан, және де біз жұмыс орындарына деген қатаң бәсекелестікке жетеміз. Және де, АТ шексіз екендігін ескерер болсақ, мұнда адамдардың ұтқырлығын қосатын болсақ, онда болашақтың АТ-мамандарының әлеуетті нарығы бүкіл әлем болмақ, мұнда бәсекелестік қазақстандық ақиқатпен салғастыруға келмейді.

Бұдан басқа АТ-салаға деген адамдардың қызығушылығы да күн санап өсіп келе жатыр. Бұл күшті субъективті фактор осы саланың беделінің, мәнінің, табыс көзінің өсуімен байланысты.

Басқа жағынан, еңбек нарығының динамикасына демографиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлардан басқа технологиялық тенденциялар да әсер етеді.

Көбінесе – автоматтандыру, роботтандыру мен цифрландыру. Бұл процестер керемет көп жұмыс орындарын босатуға негізделеді.

Оң деген бағалар бойынша 2030 жылдарға қарай 60% мамандықтардың функционалы автоматтандырылатын болады. Және бұл экономиканың барлық салаларына қатысты.

Жаңа технологиялар еңбек нарығындағы бұрын соңды болмаған ауқымды деген өзгерістерді әкеледі.

Мамандықтар жоғалып кетеді және өзгереді, жаңа мамандану бағыты пайда болады. Корпорациялар, мемлекеттер мен экономикалық салалар ХХІ ғасырдың дағдылары мен құзыретін меңгерген адамдар- болашақтың зияткерлік капиталы үшін бәсекелестікке түседі.

**Колледжде немесе университетте білім алып, өзіңіз армандаған жұмысқа орналасуыңызға ешбір кепілдік жоқ. Қазірдің өзінде Қазақстанда ЖОО 60% бітірушілері өз мамандықтары бойынша жұмыс істеп жүрген жоқ.**

- ▶ Ал, ертең не болмақ?
- ▶ Өзіңізге ұнайтын және еңбек нарығында сұранысқа ие болатын мамандықты қалай таңдауға болады?

Себебі, бұл - өміріңіздегі ең маңызды таңдау ғой.

Болашаққа көз жүгіртіп, қай бағытта жүру керектілігін айқындап алуға болатын әмбебап құрал қажет.

Сіздердің балаларыңыз бейне ойындарды көп ойнайды, ал Сіз бұл керек емес дүние деп санайсыз ба? Қазір бұл осы мағынада қалған жоқ.

Өндірістерді геймификациялау өнеркәсіптік кәсіпорындарды технологиялық жағынан қайта жарақтандырудың басты тренділердің бірі болып келе жатыр және компьютерлік ойындардың арқасында жиналған дағдыларды қолдануға мүмкіндік береді.

Балаңыз конструкторлармен ойнауды жақсы көре ме?

- ▶ Бұл қызығушылықты болашақта сұранысқа ие кәсіби дағды болатындай қалай дамытуға болады?
- ▶ Қай саланы таңдау қажет, бұдан әрі қай бағытта жүру қажет?
- ▶ Жасанды интеллекті немесе виртуалды-гибридті ақиқатты дамыту жағына ма?
- ▶ Немесе кванттық есептеу-

лер және квантты интернет әлеміне өту

- ▶ Немесе кәсіби криптограф болу

Таңдау үлкен, сондай-ақ бәсекелестік те үлкен.

Біздің қазіргі таңда 3-5-10 жастағы балаларымызға болашақта Атлас мамандық таңдау сияқты қиын процесте бағдар беруші ретінде пайдалы болады. Және егер мектеп оқушылары айналысатын аясын мектепті бітіру соңына айқындап білсе, онда ол осы саланың ішіндегі нақты мамандануды таңдау жағынан күрделі болмақ.

Қазір еңбек етіп жүрген мамандар еңбек нарығының өзгеруінен қысқарту қаупіне түсуі мүмкін мамандар үшін қиынырақ болмақ.

### **АТ СЕКТОРЫНДА КЕШЕ АТ-МАМАННЫҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ЕРТЕҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛУЫ МҮМКІН.**

Функционалының түрі үнемі өзгеріп, тіпті қысқарып, және де ұлғайып отыруы мүмкін.

- ▶ Бұл өзгерістер қашан және қайда болады?
- ▶ 10-15 жылдан кейін қандай мамандықтар өзекті болмақ?
- ▶ Дәл айтқанда, қандай дағдылар мен құзыреттер қажет болады?
- ▶ Олар Қазақстанда қай жерде білім алады?
- ▶ Қалай үздіксіз бәсекеге қабілетті болып қалуға болады?

### **ОСЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ БАРЛЫҚ САУАЛДАРҒА БІЗ ОСЫ АТЛАСТА ЖАУАП БЕРУГЕ ТЫРЫСАМЫЗ.**





ЖАҢА  
МАМАНДЫҚТАР  
АТЛАСЫ ЖАЙЛЫ

3.





# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР МЕН ҚҰЗЫРЕТТЕР АТЛАСЫ



## Машина жасау

Әр түрлі машиналарды, технологиялық жабдықтарды және олардың бөлшектерін жобалау, өндіру, қызмет көрсету, кәдеге жаратуды жүзеге асыратын экономика саласы



## Ауыл шаруашылығы

Азық-түлік (тағам өнімдерін) және бірқатар өнеркәсіп салаларына арналған шикізаттарды өндіру, сақтау және қайта өңдеуге бағытталған экономика саласы



## АТ

Техникалық құралдардың көмегімен пайдалы ақпаратты іздеу, жинау, сақтау, өңдеу, беру және ұсынуға бағытталған экономика саласы



## ТМК

Шикізатты өндіруден бастап дайын өнім — қара және түсті металдар мен олардың қорытпаларын шығаруға дейінгі өндірістік процесс сатылары мен өзара байланысты салалардың жиынтығы



## Энергетика

Барлық түрлі ресурстарды генерациялау, түрлендіру, тарату және пайдаланумен айналысатын экономика саласы



## Мұнай-газ

Пайдалы табиғи қазбалар — мұнай және ілеспе мұнай өнімдерін өндіру, қайта өңдеу, жинау және сатумен айналысатын экономика саласы



## Көлік және логистика

Жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын экономика саласы, сондай-ақ оңтайландыру мақсатында басқару жүйесі



## Туризм

Басқа мемлекеттерге шығуды (саяхаттауды) немесе тұрғылықты мекенінен ерекшеленетін елді мекендерге өмір сүру салтымен, гастрономиясымен, табиғатымен және т. б. таныстыру үшін ұйымдастырылу жүзеге асырылатын экономика саласы



## Құрылыс

Ғимараттарды, құрылыстарды, үймереттерді жобалауды, салуды (тұрғызу) жүзеге асыратын, сондай-ақ оларға күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізетін экономика саласы







## ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР АТЛАСЫ ЖАЙЛЫ

*Әлем Төртінші өнеркәсіптік революция деп аталатын кезекті революциядан өтіп жатыр. Бұл процестен болатын өзгерістердің қарқыны тым үлкен, ал инновациялардың таралу жылдамдығы экспоненциалды.*

Бірінші өнеркәсіптік революция кезіндегі иіру машиналарының таралуына 100 жылдан астам уақыт өтті, бұл өз кезегінде қоғамның индустриаландыруына әкелді.

Екінші революция кезіндегі электрлендіру 40 жылдан астам уақытты алды. Ал, үшінші революция шеңберіндегі Интернет планетамызды 10 жылға жуық уақыт ішінде қамтыды. Қазір алдыңғы қатардағы озық технологиялық шешімдер мен АТ-әзірлемелер, мысалы, ұялы қосымшалар цифрлық каналдармен санаулы айлар ішінде таралып жатыр.

Озық қарқынмен даму траекториясына шыға алмаған мемлекеттер экономиканың қарқынды даму процесі мен инновациялық өсу шегінен тыс қалып қояды, яғни, әлем нарығында табысты түрде бәсекелестікке түсе алмай-

ды. Соның салдарынан оларды әлеуметтік-экономикалық дағдарыс, өмір сүру деңгейінің төмендеуі мен озық технологиялық жағынан дамыған мемлекеттердің қатарынан қалыс қалуы күтіп тұр.

Дүниежүзілік экономикалық форумның негізін қалаушы және Президенті Клаус Шваб өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революцияның технологиялары» атты кітабында кейбір дамушы елдер жаңа технологиялар мен білімнің өз қоғамына әсерін қалыптастыру процесін көрмейді және де жаңа өнеркәсіптік төңкерістің ықпалын да сезбейді деп атап өтеді.

Экономикасы дамыған елдер ҒТП алғашқы жол салушылары болып табылатындықтан, технологиялар, қоғам мен экономиканың арасындағы теңгерім олар жаққа

жеңіл ауысып кете алады. Егер ешбір шара қабылданса, не предпринимать, то будущее онда дамушы елдер үшін болашақ абыл-сабыр қалыптасатын болады, ол мақсатқа сай бағытталмай, технология мүмкіндіктерді кеңейтпей, керісінше шектейтін болады.

Бізде қор әлі де 10-15 жылға бар, ол осы бәйгедегі көшбасшылармен бір қатарға түсуге жетеді. Егер осы уақытты ақылға сай пайдаланбасақ, біз ХХ ғасырдан ХХІ ғасырға жарып шығудың жалғыз мүмкіндігін жіберіп алатындай қатерде тұрмыз. Мәреге жеткізетін түрткі болашақтың кадрларын даярлау болуы керек, мұндай кадрларсыз ҒТП озық жетістіктерін жылдам, әрі ауқымды түрде енгізу мүмкін емес. Дайын мамандар іс біткен соң, біз өзгерістер қарқынына ілесе алмаймыз, яғни өз айналымызды қарап ғана қоймай, жарқын болашаққа қарап нысаналы түрде оқытуымыз керек. Біз тактикалық түрде емес, стратегиялық бағытта ойлануымыз қажет. Бүгінгі күннің мәселелерін емес, ертеңгі күннің мәселелерін шешу керекпіз.

Білім беру-инновациялық даму қарқынын жай ғана ұлғайтпай, біз аралық фазаларды аттап өтетіндей, онжылдықтар арқылы серпіліспен өтетіндей импульс беру керектілігі өте маңызды. Егер мұны жасамайтын болсақ, онда біз өзіміздің технологиялық эволюциямызды жалғастырамыз, бірақ біз технологиялық революцияның сыртында қаламыз. Нәтижесінде біз әлемдік ғылыми-техникалық көшбасшылардың кильватерлерінде ілесіп, олардан біртіндеп кейінге қала беретін боламыз.

Қазақстанның АТ секторында қазір проблемалар көп. Нарық сыйымдылығының шағын болуы, мемлекетке тәуелділіктің жоғары болуы, инфрақұрылымдық

жағынан қалыс қалу, кадрлар даярлауда тиімділіктің төмен болуы мен білікті кадрлардың кетуі, бәсекелестіктің әлсіздігі мен ел ішінде сыртқы нарыққа шығуға қысылу және т.б. Әрине, бұл проблемалардың шешімін табу қажет. Алайда, бұл проблемаларға тікелей баса назар аударатын болсақ, біз алтын уақытымызды жоғалтамыз. Жалпақ тілмен айтар болсақ, жүйткіп келе жатқан ҒТП поездының ең соңғы вагонына да секіріп міне алмай қаламыз.

Бұл Атлас – болашақтың еңбек нарығында мамандану мен құзыреттері жағынан навигатор, Төртінші өнеркәсіптік революциядан туындайтын кәсіби қызметтердің әлі де жоқ мамандықтары бойынша жол бағыттаушы. Бұл мамандық кәсіптері ҒТП жеделділігі нәтижесінде алдағы 15 жыл көкжиегінде бәрібір пайда болады.

Әрине, бұл мамандықтардың генераторы бірінші кезекте, технологиялық көшбасшылар - мемлекет пен компаниялар, олар АТ перспективалы даму бағыттары: квантты есептеу, ЖИ, аралас шындық бөлінген тізілімдер мен басқалары бойынша ҒЗТКӨ тікелей жүргізеді. Тілге тиек ретінде, бірінші үш вектор бас директорлары Microsoft Сатья Наделла технологиялық киттер деп атайды, олардың негізінде осы техноауыптың бұдан әрі даму стратегиясы негізделген.

Бірақ Қазақстан реципиент ролімен немесе инновациялық маманданудың тривиалды репликаторы болмайды және ұмтыла алмайды. Бізге алдағы 5-10 жылда болашақтың мамандарын даярлауды бастау қажет, ол 15 жыл көкжиегінде дамыған елдердің қатарына техникалық жағынан ілесу үшін қажет. Дәл осы мақсатта бізге Жаңа мамандықтар атласы көмектеседі.

Ол логикалық жағынан байланысты тараулардан тұрады, оның негізінде АТ секторының жаңа, өзгертін және жоғалып бара жатқан мамандықтарының тізбесі қалыптастырылған. Олардың әрқайсысы АТ саласындағы еңбек нарығының болашақ шымылдығын жайлап ашуға мүмкіндік береді.

«Қазақстанның АТ секторы» тарауы біздің АТ саламыздың ағымдағы жай-күйі туралы баяндайды. Ол статистикалық деректерге талдау жасауға негізделеді және қазіргі таңда бұл салада не болып жатқандығын түсіну үшін қажет.

«АТ жаңартулары: адам, технологиялар, болашақ» тарауы бүгінде және болашақта байқалған Төртінші өнеркәсіптік революция шеңберінде пайда болатын технологиялық, экономикалық және әлеуметтік-мәдени трендтердің түрі мен мәнін ашуға, қазіргі замандағы қоғам мен болашақтағы қоғамның өмір парадигмасын өзгертіп жатыр ма немесе өзгертеді ме?

Логикалық бірізділікпен АТ саласының сарапшыларының бірлескен жұмысының нәтижелері берілген, олар өз саласының негізгі даму тенденцияларына болжам жасап, жалпы АТ секторына тұтастай және болашақтағы еңбек нарығына ықпал ететін маңызды деген технологияларды айқындады.

Бұл Қазақстанның АТ саласының анық және мәнді болашағы туралы пікір қалыптастыратын басты тарау. Оның негізінде, әртүрлі салалық трендтерге, перспективадағы күтілетін бейнесі, тәуекелдері, мүмкіндіктері мен басқа да элементтеріне сараптамалық баға беру негізінде 2035 жылдан кейінгі Қазақстанның АТ секторының болашақ жиналған концепт-портретінің көрінісін құрастырып жинады. Оған сүйене

отырып, технологиялық дамудың нақты бағыттары анықталады, яғни, салдарында қажетті кәсіби мамандандырулар айқындалады. Олар «Қазақстанның болашақ АТ секторының мамандықтары» тарауында баяндалған, мұнда үш санатқа бөлінген: жаңа, өзгертін және жоғалып бара жатқан. Бұл тарауда ҒТП ықпалымен қандай мамандану түрлері өзгереді, өзектілігін жоғалтады, ал келесі 10-15 жыл перспективасында қандай мамандықтар пайда болатындығына дәл түсінік береді.

Бұл кәсіптер қаншалықты футуристі болып көрінсе де, қаншалықты күдік тудырса да, немәсә мысқыл тудырса да, мұның барлығы біздің болашағымызда болатын деректер екендігін түсіне білу маңызды. Және бұл үшін ертерек қамдану керек.

Бұл жолдағы алғашқы қадамдардың бірі – 2030 жылдардан кейін АТ мамандарының дағдылары мен құзыреттерін анықтау. Олар «Болашақ мамандардың құзыреттері» тарауында баяндалып, санаттарына қарай құрылымдалып берілген.

«Жаңа мамандықтарды жергілікті ету» тарауы болашақтың АТ мамандарын жақын уақытта даярлауды бастайтын білім беру мекемелерінің біршама сай келетін білім беру ұйымдарын іздеуде және таңдауда АТ секторы мен Қазақстанның кадрларды даярлау жүйесіне ықпалдастық етуге арналған. Мұнда ықтимал ірі жұмыс берушілер - ірі бизнес-құрылымдары көрсетілген, олар инновациялық көшбасшылар болады, яғни, білікті персонал оларға қажет болады.

**АТЛАС - БОЛАШАҚҚА ДАЯРЛАНУДЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ ҚҰРАЛЫ, ОНЫ ЕЛЕМЕС-БІЗ БОЛМАЙДЫ, СЕБЕБІ БОЛАШАҚ БҮГІННЕН БАСТАЛДЫ.**





# ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТ СЕКТОРЫ

4.







## ҚР ЖІӨ ҚҰРЫЛЫМЫ ӨНДІРІС ӘДІСІМЕН

### САЛА ЖӘНЕ ҚР ЖІӨ ОНЫҢ ҮЛЕСІ (%)



## ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТ СЕКТОРЫ

АТ саласы Қазақстан экономикасының басты салаларының бірі болып табылады. Алайда оның дамуы соңғы жылдары біршама баяулап қалды.

Ресми статистика ақпараттандыру мен байланыс шеңберіндегі дамуды қадағалап отырады. 2018 жылдағы жағдай бойынша ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша біздің еліміздің ЖІӨ құрылымында осы саланың үлесіне 1,9 % келді.


Шұғыл деректер бойынша 2019 жылға бұл мән өзгерген жоқ,<sup>1</sup> Бұл ретте осы индикатордың динамикасында жүйелі төмендеу тенденциясы байқалады, 2010 жылдағы 3,1 % ағымдағы 1,9 %.

<sup>1</sup> Бұл шамалар ЖІӨ өндіріс әдісімен есептеу нәтижесінде алынғандығын атап өткен дұрыс.



4.2. - сурет.

«Ақпарат және байланыс» секторында өндірілген қызметтердің жалпы көлеміндегі қызмет түрлерінің үлесі (%)



- Байланыс .
- Қолданбалы бағдарламаларды жобалау және әзірлеу жөніндегі қызметтер .
- Ақпараттық технологиялар мен басқа топтастыруға қосылмаған компьютерлік басқа жүйелер саласындағы қызметтер .
- Деректерді өңдеу жөніндегі қызметтер .
- Деректер мен өзге де ақпараттық технологияларды орналастыру үшін инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер .

ДЕРЕККӨЗДЕР: ҚР ҰЭМ СК



Осы кезде «Ақпарат және байланыс» секторының үлесіне қызметтер өндірісі шегіне 2019 жылы 3,3% - 1,3 трлн.тг келеді.

Бұл көрсеткіш бойынша үлесі 3,4% құратын **АКТ саласы денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер саласымен салыстырмалы болып келеді.**

«Ақпарат және байланыс» секторы өндіретін қызметтер құрылымында **болжам коммуникациялар қызметінен басым түседі.** Байланыс үлесіне сектордың өндірген бүкіл қызметінің шамамен 70% келеді.

Өз кезегінде әртүрлі өзге қызметтер, оның ішінде АТ байланысты қызметтер шеткері қалады. Осылайша, АТ қызметтердің өнімділігі жоғары бағыттары қолданбалы бағдарламаларды жобалау мен әзірлеу жөніндегі қызметтер шығады – 8,4%, АТ мен басқа топтарға қосылмаған компьютерлік жүйелер саласындағы өзге де қызметтер – 5,8%, деректерді өңдеу жөніндегі қызметтер – 4,2%.

АКТ саласында айналысатын ұйымдардың саны 2014-20188 жж. ішінде 43% артық мәнге артты – 7120-дан 1092-ге дейін. Бұл ретте шығынды мекемелердің үлесі 30,9%-дан 23%-ға дейін төмендеді. Алайда, АТ саласындағы озық жетістіктерді қолдану мәнінде қазақстандық экономика жоғары көрсеткіштер бермейді.

АКТ экономикалық қызмет түрлері бойынша ұйымдардың негізгі пайдалану көрсеткіштеріне талдау жасау **орташа алғанда тек компаниялардың 3,8% ғана өздерінің жұмысында бұлттық АТ қызметтері** (орташа алғанда 8,5%), өндірістегі цифрлық технологияларды (3,7%), үлкен деректерге талдау жасау құралдары (1,5%) және робот техникасы (1,6%) сияқты **инновациялық технологияларды пайдаланатындығын** көрсетті. Бұл ретте салалар жағынан алғанда ең дамыған технологиялық сектор қаржы және сақтандыру қызметі (13,2%), міндетті сақтандыру саласындағы қызмет пен ақпарат және байланыс саласы (8,7%).



4.1-сурет.

**Экономикалық қызмет түрлері бойынша жеке инновациялық АКТ пайдалану дифференциациясы**  
(% компания)

	БҰЛТТЫҚ АТ ҚЫЗМЕТТЕРІН ПАЙДАЛАНАТЫН	ӨНДІРІСТЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНАТЫН	ҮЛКЕН ДЕРЕКТЕРГЕ ТАЛДАУ ЖАСАЙТЫН	РОБОТ ТЕХНИКАСЫН ПАЙДАЛАНАТЫН	САЛА БОЙЫНША ОРТАША
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	3,0	0,9	0,1	0,5	1,1
Кен игеруші өнеркәсіп және кеніштерді кен өндіру	9,4	5,9	1,3	2,7	4,8
Өңдеуші өнеркәсіп	11,8	6,0	1,2	3,7	5,7
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау	10,4	5,3	3,5	0,6	4,9
Суды жинау, өңдеу және тарату	6,2	0,8	1,4	1,4	2,5
Кәріз жүйесі					
Қалдықтарды жинау, өңдеу және жою; қалдықтарды кәдеге жарату	5,4	1,2	1,2	4,7	3,1
Қалпына келтіру және қалдықтарды жою саласындағы өзге де қызметтер					
Құрылыс	8,5	2,9	0,9	3,3	3,9
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу	10,4	1,5	1,9	1,8	3,9
Көлік және қоймаға жинау	7,9	1,0	0,6	1,8	2,8
Тұруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	11,2	2,6	3,1	1,0	4,5
Ақпарат және байланыс	18,8	12,4	3,1	0,5	8,7
Қаржы және сақтандыру қызметі	10,5	15,8			13,2
Жылжымайтын мүлікпен байланысты операциялар	3,5	0,1	0,2	1,8	1,4
Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет	11,1	1,4	1,4	0,1	3,5

Біз 4.1-суретте көріп отырғанымыздай, **ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ӘЛІ ДЕ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ЕМЕС.** Көптеген жұмысшы кәсіптердің орнына келетін сол роботтар дәл қолданылып жатыр.

Көбінесе бұл сервистік жұмыстар.

Робот техникасын пайдаланатын 2196 ұйымнан 1812 немесе 82,5% сервистік роботтарды қолданды. Ең алдымен, бұл құрылыс

	БҰЛТТЫҚ АТ ҚЫЗМЕТТЕРІН ПАЙДАЛАНАТЫН	ӨНДІРІСТЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНАТЫН	ҮЛКЕН ДЕРЕКТЕРГЕ ТАЛДАУ ЖАСАЙТЫН	РОБОТ ТЕХНИКАСЫН ПАЙДАЛАНАТЫН	САЛА БОЙЫНША ОРТАША
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	7,5	0,7	2,2	1,4	2,9
Жалпы сипаттағы мемлекеттік басқару	3,5		0,6	0,0	1,4
Медициналық қызмет көрсету, білім беру, мәдени қызмет көрсету мен әлеуметтік қамсыздандырудан басқа өзге де әлеуметтік қызметтерді қамтамасыз ететін мекемелердің қызметін реттеу	6,5		0,2	0,1	2,3
Экономикалық қызметті реттеу және тиімді жүргізуге ықпал ету	3,7		0,3		2,0
Халықаралық қызмет					
Міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы қызмет	17,1		5,7		11,4
Денсаулық сақтау саласындағы қызмет	9,6	2,2	1,5	1,5	3,7
Спорт саласындағы қызмет	6,2		1,5	2,8	3,5
Демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	5,3	2,4	0,8	0,4	2,2
Компьютерлер мен байланыс жабдықтарын жөндеу	8,9	2,8	0,9		4,2
Орташа алғанда технологиялары бойынша	8,5	3,7	1,5	1,6	



4.2-сурет.

**Экономикалық қызмет түрлері бойынша робот техникасын пайдаланудың дифференциациясы** (% компания)

	Кобот-тарды пайдаланады <sup>2</sup>	Өнер-кәсіптік роботтарды пайдаланады	Сервистік роботтарды пайдаланады
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	2,3	0,5	1,5
Кен игеруші өнеркәсіп және кеніштерді кен өндіру	0,9	1,8	1,8
Өңдеуші өнеркәсіп	5,0	34,5	7,2
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау		0,2	0,2
Сбор, обработка и распределение воды		0,2	0,2
Сбор, обработка и удаление отходов; утилизация отходов	0,9		1,6
Құрылыс	32,4	8,2	22,9
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу	0,5	38,0	37,5
Көлік және қоймаға жинау	9,0	0,6	5,2
Тұруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	1,8		0,2
Ақпарат және байланыс	1,8	0,5	1,2
Жылжымайтын мүлікпен байланысты операциялар			8,9
Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет	0,5	1,1	0,7
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	41,9	14,2	7,0
Жалпы сипаттағы мемлекеттік басқару			0,1
Медициналық қызмет көрсету, білім беру, мәдени қызмет көрсету мен әлеуметтік қамсыздандырудан басқа өзге де әлеуметтік қызметтерді қамтамасыз ететін мекемелердің қызметін реттеу			0,1
Денсаулық сақтау саласындағы қызмет	3,2	0,5	2,8
Спорт саласындағы қызмет			0,8
Демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру жөніндегі қызметтер			0,3

<sup>2</sup> Кобот – толығымен автоматтандыру мүмкін емес міндеттерді шешу үшін адаммен бірлесе жұмыс істеуге қабілетті коллаборативті робот


компаниялары (22,9%) мен көтерме және бөлшек сауда, автомобильдер мен мотоциклдерді (37,5%) жөндеуші кәсіпорындар. Соңғы сала және өнеркәсіптік роботтарды қолдану жағынан (38% ұйымдар) көш бастап тұр, алайда, ұйымдардың саны жағынан бұл сала таң қалдыра қоймайды. АКТ ұйымдардың жалпы шығындары құрылы-

мында 2018 жылға байланысты қамтамасыз ету басым түсіп отыр.

Компаниялардың шығының 54,7% қосалқы шығын түрлеріне келеді. Олардың ішінен **АКТ қолдану мен дамытуға байланысты қызметкерлерді оқытуға арналған шығындардың** тек 0,7% ғана құрайды.

4.3-сурет.

**Компаниялардың АКТ жұмсаған шығындары (%)**





Шығындардың негізгі үлесі АКТ байланысты тараптық ұйымдар мен мамандардың қызметін төлеуге арналған.

Қазақстан номинал мәнінде келетін өнімдердің көлемін азайтуға қарамастан АКТ саласында импортқа тәуелді мемлекет болып қалып отыр. Импорт экспорттан 25 есеге асады. Тек 2018 жылы осы саланың кіргізген өнімдерінің көлемі 23млрд.АҚШ долларын құрайды, мұнда экспорт – тек 92,9 млн.АҚШ доллары. Импорт құрылымында, экспорттағы сияқты телекоммуникациялық жабдықтарға арналған шығындардан басым түседі – 45,3% немесе 32,8% тиісінше.

Нақтылай алсақ, *Қазақстан көбінесе реципиент болып табылады*, яғни әлемдік АТ саласының

өнімдерінің тұтынушысы болып табылады. Қазір біз осы проблеманы меңгеру үшін мемлекеттік секторда да, корпоративтік секторда да ауқымды қадамдарды қабылдаймыз.

2018 жылы «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бастау алды, оның іске асырылуы 2020 жылға дейін жалғасады.

Бұл стратегияның басты міндеттерінің бірі 2022 жылға дейін АКТ дамуды әлемдік индексте 30 орынға дейін рейтингін көтеру болып табылады. Қазіргі таңда біз 176 орынның 52-орнында, Бруне-емен және Аргентинамен көршілеспіз.

Бағдарламаны орындаудың маңызды нәтижесі Қазақстан экономикасының әртүрлі салаларында

4.5-сурет.

**АКТ саласындағы жалдамалы жұмыскерлердің санының өзгеруі**



ДЕРЕК КӨЗДЕР: ҚР ҰЭМ СК

цифрландыру есебінен 300 мың жұмыс орнын құру болады.

2018 жылы өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды есепке ала отырып, АКТ саласының жұмыскерлерінің нақты саласы ресми статистика деректеріне сәйкес 83,3 мың адамды құрады, олардың 49,9% байланыс қызметін ұсыну саласында жұмыспен қамтылған, ал 23,7% компьютерлік бағдарлама-лау, консалтинг қызметтерін және АТ саласындағы өзге де қызметтерді көрсетеді. 15,7% деректерді орналастыру және қайта өңдеу жөніндегі, веб-порталдар мен басқа қызметтерді ұсынады.

9 жыл ішінде жалдамалы жұмыскерлердің саны салада 36,7% өсті. Мемлекет бойынша жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы үлесі шамамен 1,9% құрайды. Бұл ретте жылдар бойынша жұмыспен қамтылғандардың санында біршама төмендеп түсу белгіленеді. ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша табыс жағынан жұмыскерлердің жалақысы жоғары төленетіндер тобы тұрмыстық

электроника аспаптарын өндіру секторының өкілдері болып табылады. Олардың орташа айлық жалақысы 2018 жылы 777 мың тг. құрады.


Алайда, бұл санат тек АКТ саласында жұмыспен қамтылғандардың барлығының тек 0,2% ғана алады, орташа жалақысы қазір шамамен айына 250,3 мың тг. құрайды. Ең төмен орташа айлық табыс байланыс жабдықтары мен компьютерлерді жөндеу жөніндегі қызметтерді ұсынатын жұмыскерлерде белгіленген.

**Жалпы алғанда, саладағы орташа айлық жалақы мөлшері елдегі орташа айлық жалақы мөлшерінен жоғары.**

**В**целом, размер средних заработных плат в отрасли существенно выше размера средней заработной платы по стране.

4.4-сурет.

**АКТ өнімдерінің импорт және экспорт динамикасы (млн.АҚШ доллары)**



ДЕРЕК КӨЗДЕР: ҚР ҰЭМ СК

<sup>3</sup> Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы <http://adilet.zan.kz,rus,docs,P17000000827>.  
<sup>4</sup> ICT Development Index: [https://gtmarket.ru/ratings,ict-development-index,ict-development-index-info](https://gtmarket.ru/ratings/ict-development-index,ict-development-index-info).



Алайда, **оның өсу қарқыны соңғы жылдары төмендеп кетті, және ел бойынша орташа айлық жалақының өсуімен салыстырғанда біраз кейін қалу байқалады.**

Сала сарапшыларына біз жүргізген сауалнама АТ саласындағы проблемалық салаларды анықтады, оның ішінде кадрларды дайындау, саланы мемлекеттік қолдау мен реттеу, сондай-ақ АТ жабдықтарды әзірлеу мен жинау көш бастап тұр.

Сарапшылар бірлестігі АТ саласында осы саланың еңбек нарығының қажеттіліктеріне кадрларды даярлау жүйесінің релеванттылық еместілігін атап өтеді.

Қазақстандық білім беру нарықтың шындығына жауап бе-


ретін жоғары білікті кадрлармен саланы қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

**Қазір Қазақстанда АКТ саласы үшін мамандар даярлауды 83 ЖОО ҚР БҒМ лицензияландырылған 7 мамандық бойынша жүзеге асырады:**

1. Автоматтандыру және басқару
2. Есептеу техникасы және бағдарламалық жасақтама
3. Информатика
4. Ақпараттық жүйелер
5. Математикалық және компьютерлік модельдеу
6. Робот техникасы, электроника және телекоммуникация
7. Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері

4.6-сурет

**ҚР «Ақпарат және байланыс» секторындағы орташа жалақы динамикасы**



ДЕРЕККӨЗДЕР: ҚР ҰЭМ СК

Алайда, егер осы мамандықтар бойынша білім беру қызметтерін халыққа ұсыну жағынан қарасақ, білім беру бағдарламалары жағынан да, өңірлер жағынан да үлкен сәйкессіздіктер байқалады. 5


Қамту жағынан көшбасшылар Нұр-Сұлтан, Алматы және Қарағанды облысы, бұл ЖОО 7 мамандыққа білім беріледі. Әлсіз тараптар қатарында – Алматы, Маңғыстау және Павлодар об-

лыстары, мұнда 7 мамандықтың 2-і бойынша ғана білім алуға болады.

Ақпараттық-коммуникациялық бағыттағы мамандардың өңірлерді қамту жағында біршама өзгешеліктер байқалады. Мысалы, «Ақпараттық жүйелер» мен «Информатика» мамандықтары 17 өңірде ұсынылады, ал «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» тек 4-нде ғана бар.

4.7-сурет.

**Өңірлерде оқытылатын АКТ саласындағы мамандықтардың саны (жоғары білімі)**



<sup>5</sup> ЖОО веб-сайттарын зерделеу базасындағы тәуелсіз зерттеу



4.8-сурет

**АКТ саласындағы жоғары білім мамандықтарымен ҚР өңірлерін қамту (бірл.)**



Бейресми АТ білім беру инфрақұрылымы да жайлап дамып келе жатыр. Әртүрлі жеке меншік бағдарламалық мектептер ұсынылатын білім беру қызметтерін, оларды ұйымдастыруға деген тәсілдер мен практикалық тәжірибе алуға бағдарланған қолданылатын материалдарды, сондай-ақ көптеген ірі АТ-компаниялардың өзара байланысын арттырып, оң нәтиже береді.

бағдарламасында цифрландыру еңбек нарығында жұмыспен қамтылған кәсіптердің құрамына өндірістің талаптары қолданыстағы жүйені біраз озып кеткен.

Яғни, еңбек нарығы мен білім беру жүйесінің арасындағы шұғыл байланыстың жоқтығынан қазір сұранысқа ие емес кадрлар мен жоғалып бара жатқан мамандықтар бойынша кадрлардың босатылуымен бір уақытта дайындалуына әкелуі мүмкін. Осыған байланысты, барлық мамандықтардың цифрлық дағдыларын дамыту призмасы арқылы барлық білім беру деңгейлерін кешенді түрде қайта қараумен тығыз байланысты.

Сонымен қатар, өзекті еңбек нарығында мультифункционалды қызметкерлерге тар бейінді жұмыскерлерден АТ мамандардың қарқынды түрде өзгеру тренді байқалып отыр.

**Б**изнес-инкубаторларға, технопарктерге, акселераторларға және өзге де бизнес-бастамаларды қолдаудың басқа платформаларына негізделетін стартаптарды қолдау экожүйесі ұлғайып келе жатыр.

Дегенмен де, АТ сектор бірқатар жүйелік проблемаларға кезікті. «Цифрлық Қазақстан»



АТ саласындағы танымал Garther компаниясы 2021 жылға қарай АТ персоналдың 40% бір уақытта бірнеше кәсіби функцияларды орындайтын болады. мұндай жұмыскерлер кең ауқымды дағдыларды игереді де, техникалық міндеттердің бір-екі векторына назар аудармайды. Олардың жұмысының негізгі бөлігі технологиялармен емес, бизнеспен байланысты болады.

Мүмкін, ең алдымен, шағын АТ компанияларға қатысты болады, олар олар штат санын тұтастай бизнестің дамуына ықпал етуге қабілетті мультибейінді мамандарды тарту есебінен оңтайландыруға талпынатын болады, олар тар функцияларды орындамайды.

**Қазақстанда АТ секторының барлық ұйымдарының 98,7%шағын кәсіпорындар болып табылатындығын атап өткен дұрыс.**

Алайда, ірі компаниялар да осындай текті жұмыскерлерді тартуға ұмтылады, бірақ, олармен қатар жоғары кәсіптілік деңгейімен ерекшеленетін тар бейінді қызметкерлерді де тартуды жалғастырады. ие маман болады.

**Я**ғни, болашақтың АТ маманы функциялары қатаң белгіленген және де мысалға, локальды желілерге қызмет көрсету немесе бағдарламалау сияқты нақты арнайы міндеттерге «қайралған» жұмыскер болмайды. Бұл кең ауқымдағы кәсіби, техникалық қырынан озық, әртүрлі салалардан (маркетинг, әлеуметтану, психология және басқалары) білімі бар, салааралық байланыс пен бизнес-процестерді басқару дағдыларына ие маман болады.





# АТ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ЖАЙЛЫ ТЕЗИСТЕР

5.







## БАҒДАТ МУСИН

ҚР цифрлық даму және  
аэроғарыш өнеркәсібі ми-  
нистрі



## РАМИЛЬ МУХОРЯПОВ

Chocofamily Holding негізін  
қалаушы және бірлескен  
иесі

### АТ-СЕКТОРЫН ДАМУ ТУРАЛЫ

АТ саласындағы негізгі трендтердің бірі - заманауи технологияларды ескере отырып, бизнесті жүргізу тәсілдерін өзгерту. Өкінішке орай, мемлекеттік масштабта біз, енді ғана автоматтандыру мен цифрландырудың, инновациялардың, экономиканың барлық секторларындағы ірі өндірістерде заманауи шешімдерді енгізудің маңыздылығы мен құндылығын түсіне бастадық. Сонымен қатар, олар ресурстарды үнемдеуге, кірісті арттыруға, сыбайлас жемқорлықты жоюға және тұрақтылықты арттыруға көмектеседі.

Қазақстанда әрбір екінші сала бизнес-процестерге озық АТ-шешімдерін енгізуді қажет етеді. АТ компанияларға нарықтың белгілі бір сегментіне назар аударып, өз өнімдерін ішкі нарыққа жылжыта отырып, осы бағытта дамытқан жөн. Ауыл шаруашылығынан аэроғарыш өнеркәсібі немесе мұнай-газ секторы сияқты ғылымды қажетсінетін салаларға дейін сұраныс өте үлкен.

Болашақты бағалау тұрғысынан қазір бір нәрсені болжау өте қиын. АТ дамуының қарқыны мен бағыттары соншалықты үлкен және әртүрлі, сондықтан 10-15 жыл сияқты алыс болашаққа, оларды бақылау қиын. Біз, тек болжай аламыз. Соған қарамастан, әлемде болып жатқан оқиғаларды бақылап, осы өзгерістердің қатысушысы бола отырып, қазірдің өзінде болашақта АТ мамандары көп дағдылары бар әмбебап жұмысшылар болады деп болжауға болады.

Адамның белгілі бір салаларға қатысуы АТ ену нәтижесінде азаяды деген пікір белсенді пікірталас тудырады.

Әрине, АТ дамуы нарықтарды түзетеді, бірақ барлық жерде емес. Болашақта білім және медицина сияқты салалар бәрінен ең аз «зардап шегетініне» сенімдімін. Алайда, АТ мамандары болашақта көп дағдылары бар әмбебап қызметкерлер болатынына сенімдімін.

Қазіргі уақытта үш тренд байқалады, олар алдағы 10 жыл ішінде де өзекті болады. Бірінші тренд.»Full online» жүйесіне көшу, яғни біз қазір «offline» істегенімізді, біз енді «online» жасаймыз. Үкіметпен, компаниялармен, біз сатып алатын барлық нәрселермен кез-келген өзара іс-қимыл онлайн режимінде болады. Екінші тренд. Жеткізу секторының қарқынды өсуі. Адамдар уақыттың негізгі және ең қымбат ресурс екенін түсінеді. Соның салдары ретінде, олар жорыққа кететін уақытын қысқартып, өзіне жеткізуді қалайтын болады. Үшінші тренд. Экожүйе деңгейіндегі бәсекелестік. «Супер аппа» деп аталатын аудитория мен жиіліктің иесі басым болатын экожүйелер экономикасының дамуы. Олар ең жақсы қызметтер мен платформаларды ұсынады, осы қызметтер үшін аудиторияның дистрибьюторы болады.

Болашақтың үш негізгі технологиясы - бұл, ең алдымен, жасанды интеллект. Бәрі ақылды болады. Адамдар қажет емес жерде оларды AI алмастырады. Жүргізушілерден бастап заңгерлерге дейінгі көптеген мамандықтар жойылады. Екінші технология - IoT, заттар ақылға қонымды болады. IoT үшін қажет үшінші технология - 5G. Міне, менің ойымша, алдағы 10 жылда төңкеріс жасайтын үш технология. 10-15 жылдан кейін Қазақстаннан 10 ірі founder-лер болады, олар біржүзділерді өсіре алады. Қазақстандық бизнес енді қазақстандық нарық туралы ойламайды. Бизнесті технологияландыруда серпіліс болады, жас кәсіпкерлер халықаралық интернет-бизнесті дамытуға басымдық беретін болады. Қазақстаннан тыс жерлерге шығып, мықты компаниялар құрған адамдардың мысалдары бар және осы компаниялардың капиталы өз Отанына оралады. Бұл жаңа компаниялар үшін жақсы инвестициялық база болады. Әрине, біз мамандардың жалпы жетіспеушілігін жеңуіміз керек. Мықты технологиялық компаниялар үшін бізге оларда жұмыс істей алатын адамдар қажет: әзірлеушілер, өнімдегі дизайнерлер, data-мамандар, интернет-маркетологтар және т.б. бірақ бұл үшін уақыт қажет. Мамандарды оқыту оңай емес. Одан да маңызды дағдылар. Болашақтың басты құзыреттілігі-біріншіден, технологиялылық. Бұл 10-15 жылдан кейін негізгі дағды. Адамдар технологияны қолдану үшін оның ішінен қалай жұмыс істейтінін түсінуі керек. Екіншіден, жетілдірілген ағылшын тілі.





## БАУЫРЖАН МҰҚАНОВ

«Транстелеком» АҚ  
«IT-архитектураның  
стратегиясы және дамуы»  
бағытының жетекшісі.



## ЖОЛАМАН УВАЛЕЕВ

Қазақстандық IT-  
компаниялар  
қауымдастығының  
атқарушы директоры

### КАДРЛАРДЫҢ КЕТУІ ЖӘНЕ АТ-БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ ТУРАЛЫ:

**Ж**ОО білімі бізде ескірген. Сондықтан, университетті жаңа бітірген жас кадрларды іріктеу кезінде біз жеке тәсілді қолданамыз, өйткені кейде жігіттер бір университеттен, бір топтан келеді, және осы балалардың ішінен 1,5 жыл ішінде жаңа бір нәрселерді әзірлеген, жаңа туындылар ойлап тапқандар бар бар, ал кейбіреулері жұмыста әлі де отырып, әзірлемелерді мүлде шығармағандар да бар.

Ия, олар университеттерде белгілі бір алгоритмдер мен оқу бағдарламаларынан өтеді, бірақ балалар келіп, бірден әзірлемелерді жасауға дайын емес. Ол үшін оларға үлкен жобаларда тәжірибелі әзірлеушілермен 3 айдан алты айға дейін жұмыс істеу керек.

Нарықтық шындық мынада, көптеген мықты мамандар біздің нарықта өздерін таппай, мысалы, сол Беларуське кетеді. Жақсы қабілеті бар IT-мамандардың көпшілігі жұмыстың қалай жұмыс істейтінін түсіну, практикалық тәжірибе алу, содан кейін кету үшін бастапқы кезеңде ғана қалады.

Бұл проблеманы шешу олар үшін қолайлы жағдайлар жасау, стартаптардың қызметін ынталандыру және жас мамандарды қолдау түріндегі мемлекеттік қолдау саласында тұр.

### ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР АТЛАСЫ ЖӘНЕ АТ-БІЛІМ БЕРУДІ ДЕРБЕСТЕНДІРУ ТУРАЛЫ:

**А**тлас білім беру жүйесіне арналған өзіндік анықтамалық, білікті кадрларды даярлау бөлінісінде Қазақстанда АТ одан әрі дамыту үшін бағдар болып табылады.

Ал олардағы тапшылық үнемі сезіледі. Бұл бағытта мектеп қабырғасынан бастап жұмыс істеу керек.

Оқулықтардың сапасы, оқу сапасы мектепте өте төмен болып қалуда. Сол информатика негіз болып табылады. Ол ескірген бағдарламалар бойынша оқытылады, аптасына 1-2 сағат.

Қазақстанда талантты жас балалар көп, бірақ олар өз бетінше білім алумен айналысуға мәжбүр. Олар «оқ атуда», бірақ мектепте, колледжде, университетте оқытылғаннан гөрі қабілеттері мен құлшыныстарының арқасында.

Еліміздің 80 жоғары оқу орны АТ-мамандарын даярлайды. Бірақ бұл шикі материал. Өз кәсібі бойынша жұмыс істейтіндер аз.

Әр оқушыға мектептен бастап жеке көзқарас қажет, балаларды бақылау, оларды анықтау, қандай жолмен дамығысы келетінін анықтауға көмектесу керек.





## ДАГАР ДАВЛЕТОВ

«Әлем» бағдарламалау мектебінің бас директоры, Method Coding School негізін қалаушылардың бірі

### **БОЛАШАҚТЫҢ МАМАНДАНУЫ ЖӘНЕ АТ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ ТУРАЛЫ:**

Қазақстанда стартап-мәдениетті дамыту және АТ-ның басқа салалармен, мысалы, медицина және АТ, аграрлық сектор және АТ, Құрылыс және АТ, және т.б. коллаборациясын кеңейту қажет.

Нәтижесінде, еңбек нарығында екі мамандықты біріктіретін мамандар көбірек сұранысқа ие болады, олардың бірі АТ-мен байланысты.

Мысалы, IT дәрігері. IT осылай адамның тыныс-тіршілігі тоғысқан түрлі салаларына үйлесіп кетті, бүгінгі таңда оларды жеке жобалауға болмайды.

АТ саласы қарқынды өзгеруде, және мамандықтар шеңберінде бұл үлкен проблема болып табылады, өйткені жоғары оқу орнына студенттер түседі де, бір нәрсеге акцент жасап, ал оқу бітіргенде олардың барлығы араласып кетеді.

4-6 жылдан кейін білім өзгереді, ал бірінші курсқа түсетін балалар мамандық алады, ал аяқталған кезде ол өзгертіліп, алынып тасталады немесе біріктіріледі. IT саласында бұл жиі кездеседі.



## БЕЛОЩИЦКИЙ АНДРЕЙ

«Astana IT University» ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры

### **IT-БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ IT-МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ӨЗГЕРУІ ТУРАЛЫ:**

ЖОО түлектерінің 70%-ы мамандығы бойынша жұмыс істемейді дейді. Менің ойым бойынша, солай. Сонда олар неге университетте оқыды? Шын мәнінде, біз өз салықтарымыздан 4 жыл бойы жұмыссыз адамдардың оқуына ақы төлейміз. Бұл ретте бізде бастапқы адами капиталдың сапасы қандай да бір жерден кем емес. Бізде мектептің көрсеткіштері мықты, біз математика, информатика, физика, химия және т.б. бойынша халықаралық олимпиадаларда топпыз. Әрине, hard skills, тұрақты даму, жаңа салаларды игеру маңызды. Себебі олар жұмыс істейтін сала үнемі өзгеріп отырады. Тезистердің призмасы арқылы ойлау керек: «Мен ең ақылды емеспін, Мен білмейтін нәрсе бар». Жұмсақ дағдылар да маңызды. Мұның бәрін біріктіре алатын адам табысқа мүмкіндігінше жақын болады. Бағдарламалау, коммуникация және шығармашылық – бұл жалпы бағдарламашы туралы.

АТ-да қарапайым заттар автоматтандырылған. Бұл нарықта маңызды болу үшін Сіз күрделі нәрсеге айналуыңыз керек. Мысалы, егер сен беттеуші болсаң, онда сен неғұрлым күрделі істер жасау үшін front-end әзірлеушісі болуың, Java-скрипті немесе танымал framework-ты үйренуің керек, өйткені 3 жыл бұрын жасаған ісің автоматтандырылды. АТ-да жұмыс істейтіндердің барлығы, менің ойымша, әр 3-4 жыл сайын өзгеру процедурасынан өтуі керек.





## ОМАРОВ АМИРХАН

«BI Innovations» бас  
директоры

### САЛАЛЫҚ ТРЕНДТЕР МЕН БОЛАШАҚТЫҢ ДАҒДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ:

Қазіргі уақытта мен барлық салаларда агрессивті цифрландыру трендін көріп отырмын. Күнделікті жұмыс кәсіптері цифрландырылуда. Жыл сайын технологиялардың өсуі жеделдейді, ал автоматтандыру құны арзан болады.

Бұл үрдіс, басқалармен қатар, IT-мамандардың жаңа түрлерінің пайда болуына әкеледі. Мысалы, DevOps арқылы.

Болашақтың IT мамандары креативті және қамқор болуы керек, олар үшін soft skills маңызды дағдыларға айналады.





АТ-ДАҒЫ  
ЖАҢАРТУЛАР: АДАМ,  
ТЕХНОЛОГИЯЛАР,  
БОЛАШАҚ

6.





**ПЕРСПЕКТИВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ИТ В КАЗАХСТАНЕ**

**ТРАНСГУМАНИЗМ И КИБОРГИЗАЦИЯ ЧЕЛОВЕКА**

УМНЫЕ ГОРОДА И ИНФРАСТРУКТУРЫ, ФУНКЦИОНИРУЮЩИЕ НА БАЗЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА, АНАЛИЗЕ БОЛЬШИХ ДАННЫХ И ИММЕРСИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЯХ

ВИРТУАЛИЗАЦИЯ ЖИЗНЕДЕЯТЕЛЬНОСТИ И МИНИМИЗАЦИЯ СОЦИАЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ

ГИПЕРКОНВЕРГЕНЦИЯ ИТ-ИНФРАСТРУКТУР

РАЗРАБОТКА ПО ПРЕДИКТИВНОМУ АНАЛИЗУ ДЛЯ КЛЮЧЕВЫХ ОТРАСЛЕЙ ЭКОНОМИКИ

ПОПУЛЯРИЗАЦИЯ SMART-ОРГАНОВ И ГИБРИДИЗАЦИЯ ИНТЕЛЛЕКТА

РАСШИРЕНИЕ ПРИМЕНЕНИЯ ЭКСОСКЕЛЕТОВ

ВИРТУАЛИЗАЦИЯ ВСЕХ СФЕР ЖИЗНЕДЕЯТЕЛЬНОСТИ БИЗНЕСА, ГОСУДАРСТВА И ОБЩЕСТВА

РАСПРОСТРАНЕНИЕ ИНВАЗИВНЫХ И НЕИНВАЗИВНЫХ ИМПЛАНТОВ, ПЕРМАНЕНТНО СЧИТЫВАЮЩИХ ДАННЫЕ ЧЕЛОВЕКА

КВАНТОВЫЙ КОМПЬЮТИНГ

РАЗВИТИЕ НЕЙРОКОМПЬЮТЕРНЫХ ИНТЕРФЕЙСОВ

2040 2035 2030 2025 2020

2020 2025 2030 2035 2040

ИОТ И BIG DATA

РОСТ ПОТРЕБНОСТИ В ПЕРМАНЕНТНОМ ОБРАЗОВАНИИ

ПЕРИФЕРИЙНЫЕ И ОБЛАЧНЫЕ ВЫЧИСЛЕНИЯ

УСИЛЕНИЕ ПОТРЕБНОСТИ В ПОВЫШЕНИИ ПРОЗРАЧНОСТИ И УКРЕПЛЕНИИ АРХИТЕКТУР ДОВЕРИЯ

РАСПРЕДЕЛЕННЫЕ РЕЕСТРЫ И БЛОКЧЕЙН

РАЗВИТИЕ НОВЫХ ФОРМ ПОДДЕРЖКИ БИЗНЕСА В СФЕРЕ ИТ И ПОДГОТОВКИ ИТ-СПЕЦИАЛИСТОВ

ИММЕРСИВНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ЦИФРОВЫЕ ДВОЙНИКИ

ТРАНСФОРМАЦИЯ ИТ-СПЕЦИАЛИСТОВ В ПРОФЕССИОНАЛОВ ШИРОКОГО ПРОФИЛЯ, ВЛАДЕЮЩИХ ВСЕМИ ФАЗАМИ И КОМПОНЕНТАМИ СОЗДАНИЯ MVP И УПРАВЛЕНИЯ (PRODUCT MANAGER, DEVOPS-ИНЖЕНЕР И ПР.)

УНИВЕРСАЛЬНЫЙ ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ

СНИЖЕНИЕ ПОРОГА ВХОЖДЕНИЯ НОВИЧКОВ В ПРОСТЫЕ ОПЕРАЦИИ, НА ФОНЕ ЕГО РОСТА В СФЕРЕ СЛОЖНЫХ ОПЕРАЦИЙ

КВАНТОВЫЙ КОМПЬЮТИНГ И КВАНТОВАЯ КРИПТОГРАФИЯ

ДЕМОКРАТИЗАЦИЯ И РОСТ ДОСТУПНОСТИ ИТ

**ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ РЕШЕНИЯ**

**СОЦИАЛЬНЫЙ ФОН ИТ**

ПОПУЛЯРИЗАЦИЯ ДИСТАНЦИОННОЙ РАБОТЫ В ОБЛАСТИ ИТ

ОТТОК КВАЛИФИЦИРОВАННЫХ КАДРОВ

РОСТ ПОПУЛЯРНОСТИ ИТ-ПРОФЕССИЙ





**Ж**үргізілген талдау келесі 10-15 жыл бойы өзекті болатын негізгі салалық трендтердің қатарын анықтап берді. Олар жиынтықта АТ саласының даму векторларын жалпы алғанда және нақты технологияларды жекелей алғанда анықтайтын болады. Олар құрылымдала келе бүкіл әлемге тән мегатрендтер қатарының шеңберінде топтастырылады.

Бұл мегатрендтердің әрқайсысы жаһандық экономикаға және қоғамға орасан зор ықпал етеді. Сонымен бірге, олар ақиқат көрінісі, адамның өмір тіршілігінің өнімі мен нәтижесі болып табылады.

Цифрландыру, автоматтандыру мен роботтандыру – ғылыми-техникалық прогрестің үдетуінен пайда болған инновациялық прогрестер. Іс жүзінде бұл трендтер бір-бірімен өзара тығыз байланысты, себебі автоматтар мен роботтар бағдарламалық қамсыздандырусыз жай ғана материалдар - темір, пластик, фотоэлементтердің композиті.

Бар болғаны осыдан он жыл бұрын компьютер тар ауқымды міндеттерді шешуге бағытталған сипаттағы құрылғы болды. Бұл техникалық таңғажайып нәрсе. Ал қазір компьютер немесе смартфон – тұрмыстың ажырамас бөлшектері, бірінші кезекте қажет орын алмастырмайтын заттар.

Технология қолжетімді болып келе жатыр. Оларды басқарып, жасауды тек көптеген адамдар атқара алады. АТ саласына «кіру» табалдырығы адам үшін біраз елес болып қалуда. Нақты алғанда АТ демократтандыру болып жатыр. АТ құзыретінің ең аз деген құзыреттер жинағын меңгерген әрбір дерлік адам бар үлгілердің негізіндегі қосымшаны жасай

- 01 **Инновациялар, цифрландыру мен автоматтандыру**
- 02 **Тұтынушы қалауының өзгеруі**
- 03 **Жаңа буын мамандары мен жұмыскерлерінің (Y және Z буын ұрпағы) қажеттіліктерінің, олардың біліктілігі мен күткен үмітінің өзгеруі**
- 04 **Экологиялық талаптардың қатайтылуы және**
- 05 **Энергия, ресурс көздерінің таусылуы, артуы**



## АТ-ДАҒЫ ЖАҢА РТУЛАР: АДАМ, ТЕХНОЛОГИЯЛАР, БОЛАШАҚ

*Ақпараттық технологиялардың дамуы – өзекті бірлескен процесс, кез-келген экономиканың, кез-келген бизнестің табысты болуының басты факторларының бірі. АТ пайдаланушыларының санының өсуі, цифрландыру, инновацияларды қарқынды түрде енгізу, ҒЗТКӘ, венчурлық инвестициялар көлемінің өсуі бір уақытта қозғалыстағы фактор да, АТ дамуының нәтижесі де болып табылады.*

*IDC компаниясының болжамдары бойынша 2022 жылға қарай әлемдік ЖІӨ 60% цифрлық технологиялармен түрлендірілетін болады.*



алады. IDC сарапшылары **2024 жылға қарай жеке скриптерді қолданбайтын кодтарды жасайтын әзірлеушілердің жаңа түрі бағдарламалаушылар қауымдастығын жалпы алғанда 30% арттыратын болады** деп болжам айтады. Бұл цифрлық өзгертудің қосымша катализаторы болады.

Жасандық интеллект, оның адамдар мен техникамен өзара байланыс каналдарын дамыту, адамның физикалық және когнитивтік мүмкіндіктерін ұлғайту аясындағы зерттеулер мен әзірлемелер тереңдетіліп, жеделдетіліп, виртуализация жеделдетіліп жатыр.

Цифрлық әлемде деректер көлемі артып, оларды беретін және талдайтын жаңа технологиялар пайда болады, мысалы, перифериялық есептеулер мен блокчейн.

**Ф**утурологтар **2040 жылға қарай адамзат толығымен виртуалды шындыққа толығымен өтеді деп санайды.**

**Жаңа квантты компьютерлерге бар болғаны үш минут қажет болады, озық суперкомпьютерлерге есептеу операцияларын орындауға 10 мыңдаған жыл қажет болады.**

**Д**аркнетте **160 АҚШ долларына кез-келген пайдаланушының онлайн-банкингіне кіру үшін есепке алу деректерін сатып алуға болады.**

Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету де тым өзекті болып отыр.

2019 жылы шамамен 2 млн. пайдаланушы парольдер ұрлау мен киберқылмыскерлердің шабуылдарына түскен болатын. Пайдаланушылар саны мен бір адамға келетін гаджеттер санының ұлғаюына қарай жағымдылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемасы күн өткен сайын маңызды мәнін арттырып келе жатыр.

Бұған ең көп назар аударатын банк секторы. 2019 жылы әлемнің 67% банкі биометриялық технологияларға инвестициялар салды. «Ақылды» технологиялар адамның қатысуынсыз бір-бірімен байланыс орнатуды үйренді. Заттар интернеті мен «ақылды жүйелер» сияқты инновациялар адамның қатысуын барынша азайтып, кеңістік пен өндірісті басқаруға мүмкіндік береді. Бұл ретте олар тиімділікті біршама арттырады. Мысалға, кейбір бағалаулар бойынша 2050 жылға қарай ЖИ технологияларына, Заттар интернетіне, GPS, GIS, спутниктік деректер мен басқаларына негізделген дәл егіншілік ауыл шаруашылығының дақылдарынан астық алуды 70% арттырады.

Автоматтандыру жұмыс процестерін оңтайландырады, уақытты, күш пен қаражатты үнемдейді, сонымен бірге еңбек ресурстарын босатады.

**2030 жылға барлық мамандықтардың 60% автоматтандырылатын болады. жұмыскерлердің 77% жақын уақытта жаңа дағдыларды алуға мәжбүр болады немесе толығымен біліктілігін қайтадан өзгертеді.** Мұнда адамның жеке жер иелігі деп саналған салалардың өзінде де өзгереді.

Мысалы, роботтар біртіндеп хирургтарды ығыстырып, ал робот-хирургтардың нарығы 2023 жылға шамамен 6,5 млрд.АҚШ долларын құрайды.

Цифрландыру мен автоматтандыру процестерінде белсенді түрде орын алатын - бұл ЖИ.

**Сарапшылардың болжамдарына сәйкес 2030 жылға қарай әлемдік экономика 13 трлн.АҚШ долларын тек ЖИ дамыту есебінен тартады, ал жаһандық ЖІӨ 14% өсуі осы ЖИ қолдану арқылы қамтамасыз етілетін болады.**

Машинамен көру технологиялары, ЖИ виртуалды және шындықпен толыққан технологиялармен өзара байланыс технологиялары белсенді түрде тестіленіп жатыр. Cartner болжамдары бойынша 2024 жылға қарай пайдаланушылармен 50% артық операциялар машинамен көру, сөйлеу, табиғи тілді өңдеу мен VR, AR функцияларын қолданатын болады.

Әлеуметтік-экономикалық даму мен ФТП планетадағы көп халықтың өмір деңгейінің өсуіне әкелді. Адам қажеттіліктері қазір негізгі түйсігін қанағаттандыратын стандартты жинақпен шектелмейді.

Біз талдағыш, таңдағыш, міншіл болдық. Шешімдердің барлығын біз өміріміздің қолайлы және ыңғайлы болу динамикасына олардың ықпалына сүйене отырып, шешімдерді қабылдаймыз. Біздің қалауымыз күрделеніп, түрі өзгеріп, біршама алғыр болып келе жатыр. Коронавирус пандемиясының кезінде бұл өзгерістер әсіресе, анық көрініп,

байқала бастады. Мысалы, біз қазірдің өзінде супермаркетке бару үшін уақытымыз бен күшімізді жоғалтқымыз келмейді. Себебі, бізге барлығын жеткізе алады ғой. Біз тауар туралы толығырақ ақпаратты онлайн алып, тауар құнын төлеп, ол туралы өз пікірімізбен бөлісе аламыз. Толықтырылған шындық технологиялары киімді өлшеп киіп көруге, дизайн бөлмелерді және басқаларды құруға мүмкіндік береді. 2019 жылы IKEA компаниясы сіздің үйіңіздің ішкі көрінісіне қойып көруге мүмкіндік беретін жүйені таныстырды, Nike кроссовкаларды қашықтықтан іріктеп алуға болатын сервисті құрды, ал Lamoda онлайн-ретейлер Мәскеуде 16 киім өлшейтін виртуалды бөлмелерді орналастырды.

**Б**асымдылықта – клиенттің қолайлылығы. Сіздің смартфонңыз, ноутбугыңыз, Сіз кірген әрбір сайтты, әрбір іздеген сұранысыңызды, әрбір жарнамалық сілтеме бойынша өтуіңіз - бұл ешқайда кетпейтін, егжей-тегжейлі жинап, мұқият құрылымдап, талдау жасалатын ақпарат көздері, бұдан кейін бизнес мақсаттарда қолданылады.

Нарық адамдардың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыруға мәжбүр. Және оның ең басты құралдарының бірі АТ болады. Сонымен қатар, бұл технологиялар сіз туралы барлығын біледі. Барлық қажетті ақпарат деректер қорында шоғырландырылады да, дербестендірілген жарнаманы құру үшін талдау жасалып, қолданылады.



Көп каналды модельдер ритейлдің негізгі қозғалтқышы болып, ал шопинг оңай болады, Сіз үйден шықпай-ақ, өзіңіздің өлшеміңізге сай келетін киімді сатып ала аласыз немесе автомобильді тестілей аласыз.

Біз дербес гаджеттерге, өз көлігімізге, тіпті өзіміздің үйлерімізге біраз талапшыл болып келе жатырмыз. Осының арқасында SMART-технологиялардың дамуы орнында тұрған жоқ, оларға деген сұраныс ұласпалы түрде өсіп келе жатыр. «Ақылды» заттар біздің уақытымыз бен күшімізді үнемдейді. Ауа баптағыш оңтайлы температураны өзі бапқа келтіреді, шайнек суды қайнатады және т.б.

Басқа жағынан алар болсақ, адам популяциясының саны ұласпалы түрде өсіп келе жатыр. Ұлы ғалым және ғылым танымалы Карл Саган өзінің «Миллиардтар мен миллиардтар» атты өзінің кітабында осы процестің экспоненциалдық сипатын атап өтеді де,

**2040 жылға қарай жер бетіндегі адамдардың саны 12 млрд. адамға, ал 2080 жылға қарай 24 млрд. адамға жетеді** деп болжайды. Әрбір 40 жыл сайын

біздің санымыз еселеніп өсуде. Бұл ретте халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету проблемасы алдыңғы орынға шығады.

Ол күн санап өсетін әлеуметтік сертификаттаумен қиындайды да, соның салдарында азық-түлік ресурстарына қол жеткізу шектелетін болады.

Осы төрт міндеттің шешімі адамзат өркениетінің ғылыми-техникалық, экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени дамуының басты басымдылығы болады. Және АТ векторының дамуы көбінесе осыларда ара қатынастылықта анықталады.

Яғни, бір жағынан адамзат тұтыну қоғамы болып қала береді, сұраныстар мен мүдделер көбінесе жеке немесе микроәлеуметтік тұтынушылық қажеттіліктерін қанағаттандыру шеңберінде түрленеді, мұнда жеке басының қолайлылығын арттыру да түрленеді. Басқа жағынан, кейбір құндылықтардың өзгеруі де байқалады. Ең алдымен, бұл білім алуға қолайлы жетік, технологияларға, ой-өрісі кең, қозғалыстары шексіз дерлік болатын жастарға қатысты.

Мұның барлығы жаппай психологияны жылжытуды ынталандырады. Жастар проблеманы көріп, оларды шешуге белсенді тартылуда. Нәтижесінде жаңа үлгідегі қоғам қалыптасады.

Жаңа буын мамандары мен жұмыскерлерінің қажеттіліктерінің өзгеру тренді, олардың күтетін үміті мен біліктілігі көбінесе алғашқы үш трендтен бастау алады. Алайда, әлеуметтік құбылыс ретінде ол автономды.

Жақын жылдары бизнес Z буынының клиенттерінің қаптап

келуден PR облысында өз саясатын өзгертетін болады. 1995 жылдан кейін туғандар үшін әлем өзгеше көрінеді, оны басқаша қабылдайды. Олар үшін бренд емес, атағы немесе жер жаратын тарихы, оның маңайында құрылған мәдениеті мен тәжірибесі маңызды.

**Y және Z буынының ұрпағы алдағы 15 жылда прогрестің, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және ғылыми-техникалық даму қозғалтқышы болады. Атап айтқанда, олар нарықтың ақиқатын анықтайтын болады.**

Бұл қоғамның бейімделгіш, икемді, әлеуметтік белсенді қабаты АТ үздіксіз байланысқан. Және оның АТ сектордың дамуына ықпалын бағалау қиын.

Қазіргі заманның жастары тіпті мүлде жаңа формациядағы, саусақтарында батырмалары бар «ерекше туған және өмір сүріп жатқан» адамдардың санатын білдіреді. Олар үнемі онлайн. Олардың өмірінде тұрақты, қатып қалған, ұзақ мерзімді трендтер жоқ. Сән күн сайын өзгереді.

Жастарға кез-келген теорияның негіздемесі, ұсыныстары немесе бастамалары қажет. Оларға жас ерекшелігі бедел болудан қалады. Олардың әлем жайлы пікірі мен түсінігі бар. Және олар тіпті пікірталасқа түспесе де, өз пікірін өзгеріссіз қалдырады.

Жастар өз өмірін құру үшін күш салып, ұзақ еңбек етуді қаламайды. Олар табысты қазір және дәл осында керек. Басты құндылықтары – ағымдағы қажеттіліктерін қанағаттандыру. Алыс перспективаға жоспар құруды қазіргі заманның жастары қаламайды.

Алдағы 10-15 жылда жаппай тұтынудың көрінісі осындай болмақ. 2030 жылдары олардың жасы 34-48 жас аралығында өзгереді, және олар планетаның ең белсенді халқы болады. бұл толығымен онлайнға енген техникалық адамдар. Яғни, олардың технологияларға деген қажеттілігі тек өсетін болады.

Олардың құзыреттері әртүрлі болады, бірақ жаппай технологиялық дамуға негізделеді. Олар жұмысында толығымен техникалық құралдарға сүйенетін болады. Дәстүрлі рәсімді білім беру олар үшін екінші орынға жылжиды.

Басымдылықта - өзін-өзі дамыту, яғни қашықтықтан, ерекше ұйымдастырушылық күшті қажет етпейді, максималды түрде цифрландырылған және қолжетімді. Оларға ыңғайлы еңбек жағдайлары, алаңдауға болатын, қайтадан кірісуге болатын мүмкіндіктер маңызды. Сонымен бірге, міндеттердің тривиал емес шешімдері үлкен роль алады. Төлем ақысы жоғары жұмысқа қарағанда төлем ақы деңгейі төмен болса да, қызықты жоба олар үшін біраз тартымды болады.

Яғни, АТ саласы өзінің қызметкерлері үшін қажетті ынтыландыруды жасай отырып, жаңа буын жұмыскерлерінің қажеттіліктеріне икемделуі керек. Бәріне белгілі, мысалы, Google кеңсесінде қатаң күн тәртібі жоқ. Мұнда жұмыстың басталуы мен аяқталуы адамның қалаған

**БҰЛ БОЛАШАҚТЫҢ АТ СЕКТОРЫН МУЛЬТИӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ ЕТЕДІ, МҰНДАҒЫ ДАМУ ҚОЗҒАЛТҚЫШЫ, ШАПШАҢДАТҚЫШЫ ЖӘНЕ РЕЦИПИЕНТІ Y ЖӘНЕ Z БУЫНЫНЫҢ АДАМДАРЫ БОЛАДЫ.**

**XXI ғасырдың екі басты әлеуметтік проблемаларының түбегейлі шешімі – халықтың көптігі мен өсу теңсіздігі, жоқ.**

**Оларға туынды проблемалар – экологиялық дағдарыс пен табиғи ресурстардың таусылуы сияқты туынды проблемалар да қосылады.**









## 6.7. ЦИФРЛЫҚ ДИКТАТУРА: АСҚЫН ДЕРЕКТІ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СИНГУЛЯРЛЫҚ

*Адамның әлеммен өзара байланыс жасасуында АТ бұдан да жүйелі сипатқа ие болып отыр. Іс жүзінде біздердің көпшілігіміз заводтарды, электр станцияларын, көлік инфрақұрылымын және мегаполистерді басқаратын цифрлық технологияларға көбірек тәуелді болып келе жатыр.*

Адамның әлеммен өзара байланыс жасасуында АТ бұдан да жүйелі сипатқа ие болып отыр. Іс жүзінде біздердің көпшілігіміз заводтарды, электр станцияларын, көлік инфрақұрылымын және мегаполистерді басқаратын цифрлық технологияларға көбірек тәуелді болып келе жатыр. Бұл процестерде ЖИ пен роботтар, «ақылды» датчиктер мен жүйелер, Заттар интернеті мен бұлттық технологиялар кеңірек қолданылып жатыр.

Адамның күнделікті өміріне цифрлық шешімдердің терең енгені соншалық, біздер смартфонсыз, Интернетсіз, әлеуметтік желілер мен компьютерсіз толыққанды өмірімізді елестету тіпті мүмкін емес. Заманауи адамның өмірінің жартысы дерлік цифрлық кеңістікте өтіп жатыр.

Белсенділігі жоғары жеке тұлға заманауи АТ көмегімен екпінді әлеуметтік белсенділігін көрсетіп жатыр. Біз фотосуреттеріміз бен бейне жазбаларымызды Instagram саламыз, Facebook араласамыз, Google Docs әріптестерімізбен бірге параллель жұмыс істейміз, ал кейбіреулер тіпті, виртуалды жиналыстар өткізеді, мұнда конференц-зал орбиталық станцияда немесе Айдың бетінде орналасқан.

Цифрландыру мен автоматтандыру жүйелі ұлғаятын процестер ретінде маңызды технологиялық, әлеуметтік және экономикалық ілгерілеуге әкеледі. Көптеген салалық трендтер белгіленеді.

Ең алдымен, бұл деректер мен метадеректердің ағынының артуы, ол ақпарат түрлендіру белсенділігі мен олардың санының артуымен байланысты. Бұл АТ саласындағы басты салалық трендтерінің бірі, ол басқа тенденциямен –

01 **АТ саласындағы деректер мен метадеректер ағынының артуы**

02 **АКТ пайдаланушыларының саны, белсенділігінің артуы мен сұраныстарының кеңеюі**

03 **Деректерді түрлендіру, өңдеу, беру және талдау саласындағы зерттеулер мен әзірлемелерді тереңдету**

04 **Киберқылмыстардың санының өсуі, қауіпсіздік пен жағымдылыққа қойылатын талаптардың кеңеюі, киберқауіпсіздік құралдарын дамыту**


05 **Проприетарлық цифрлық экожүйелермен автономды АТ платформасында кәсіпорындардың өзгеруі**

06 **Ірі және өте ірі ұйымдарда АТ инфрақұрылымдарын күрделендіру мен гибридизация**





6.2-сурет  
**Салалық трендтердің АТ секторына ықпалын бағалау (%)**



Дереккөздер: салалық сарапшылардың сауалнамасы

АКТ пайдаланушыларының, яғни қарапайым адамдардың, бизнестің, мемлекеттік және қоғамдық институттардың сұраныстарының санының артуымен, белсенді болуымен және кеңеюімен тығыз байланысты. Бұл екі процестің логикалық жалғасы деректерді түрлендіру, беру, өңдеу және талдау жасау зерттеулері мен әзірлемелерін тереңдету болады.

Осы деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды мәнге ие болуда. Әлемде киберқылмыстың белсенді орын алғандығы байқалады, ол кибер қорғаныс құралдарын дамытуға деген қажеттілік пен олардың тәсілдеріне, оның ішінде виртуалды және гибриді шындыққа деген қажеттілікті тудырады.

**Кейбір бағалаулар бойынша 2021 жылға қарай кибер қылмыстан болатын шығындардың қосынды сомасы 6 трлн. АҚШ долларына жетеді, 2022 жылға қарай хакерлердің саны 6 млн. адамға жетеді, ал кибер қауіпсіздік саласында шамамен 3,5млн. адам жұмыс істейтін болады.**<sup>6</sup>

Өз кезегінде АТ инфрақұрылымын қорғауға арналған ұйымдардың шығындары 1 трлн. долларға дейін өседі. Технологиялық прогресс қатардағы пайдаланушылар, бизнес пен мемлекет арасында қауіпсіздікке және бейресімділікке қойылатын талаптарды кеңейтуді ынталандырады. Жаһандық деңгейде цифрландыру мен автоматтандыру АТ бәсекелестіктің қарқын алуына бастама болады, ол өз кезегінде, кәсіпорындарды проприетарлы цифрлық экожүйелері бар автономды

АТ платформасына өзгертуді, ірі және өте ірі ұйымдарда АТ инфрақұрылымын күрделі етіп, гибридетуді, бизнестің инновациялық белсенділігі мен гиперавтоматтандырылуының өсуін, оның инфрақұрылымдық өсуін предиктивті жоспарлауға қайта бағдарлауды негіздейді.

**Болашақта технологияларды жетілдіру технологиялық сингулярлық деп аталатын деңгейге жеткізеді - яғни, техникалық прогресс тежеусіз, қайтымсыз және басқаруға көнбейтін кезеңдер, мұнда адам эволюциясында, өркениет пен ғаламда түбегейлі өзгерістердің бастамасы болады.**

Техникалық жағынан алып қарағанда, цифрландыру мен автоматтандыру виртуалды, толықтырылған және гибриді шындық, квантты есептеу мен квантты интернет, жасанды және ұлғайтылған интеллект, бұлттық және перифериялық есептеулер, Заттар интернеті мен «ақылды жүйелер» және басқалары сияқты технологиялардың дамуына әкеледі.

Бұл тарихтың сынақ кезеңі адамзатқа қалай әсер етеді деген мәселеге қатысты көптеген болжамдар бар. Бұл футурологтар мен визионерлер, ғалымдар мен философтар алға тартатын теориялар әртүрлі және диаметриялы жағынан бір-біріне қарама-қайшы келетін сценарийлер: адамның жаңа эволюция табалдырығы - бионикалық адамға өтуден бастап біздің түріміздің жаппай жойылуымызға дейін. Бірақ,

<sup>6</sup> Интернет-портал Cybercrime Magazine: <https://cybersecurityventures.com/jobs>,



технологиялық сингулярлықтың қашан басталатындығын дәл болжап айту мүмкін емес.

Біз тек болашақтың шымылдығын ашатын өзекті салалық тенденцияларға

талдау жасай отырып, қадағалай аламыз. АТ саласында салалық трендтердің ықпал ету дәрежесін қазанстандық АТ сарапшылар дифференциалды түрде бағалады.

Ең маңызды тенденциялар деп адам саны мен деректерді түрлендірушілердің белсенділігіне байланысты деректер мен метадеректер ағынының артуы танылды.

Сауалнамаға жауап берушілердің жартысынан көбі осы трендтің АТ саласына ықпалы күшті деп санайды. Сәйкесінше, сауал алынғандардың 45,1% АКТ пайдаланушыларының санының, белсенділігінің және олардың сұраныстарының ұлғаюы маңызды роль атқарады деп көрсетеді. АКТ байланысты кибер шабуылдар мен қылмыстардың санының өсуі сала трендтерінің маңызды трендтерінің ТОП-3 соңында.

Есте қаларлық бағалау әсерінің жиынтығы жағынан «ықпалы орташа» және ықпалы күшті» деген деңгейде үшінші орында экономиканың әртүрлі секторларының кәсіпорындары проприетарлық цифрлық экожүйесі бар автономды АТ платформаға өзгеруі. Бұл сараптамашылар қауымы бизнестің ақпараттық-техникалық дамуында басты маңызы бар деп байқап, сонымен қатар бұл процестер сыртқы АТ вендорлардан тәуелсіз күйде өтуі керек деп санайды. Бұл көбінесе мемлекеттік секторға қатысты, оның ішінде қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында.

Арнайы өзіне тән АТ трендтері салалық қамтуы жағынан дифференцияландырылған, яғни олардың кейбіреулері экономиканың барлық салалары үшін емес, белгілі бір спектрге арналған дәрежеде.

Мысалы, деректердің және метадеректер ағынының ұлғаюы, пайдаланушылар санының, белсенділігінің және сұраныстарының өсуі, сонымен қатар, деректердің бейресми және қауіпсіздігіне

қойылатын талаптар алдағы 10-15 жылда экономиканың барлық салаларында жайылатын болса, ал деректердің түрлену, берілу, өңделу және талдау жасалу саласындағы зерттеулер мен әзірлемелерді тереңдету АТ секторының өзіне, қорғаныс пен қауіпсіздік саласына, аэроғарыш саласы, ғылыми және техникалық қызметке тән болады.

Цифрландыру, автоматтандыру, техникалық жаңартпаларды енгізу және қолдану аясын ұлғайту мен оларды қолдану белсенділігінің өсуі, F3TKЭ, венчурлық инвестициялар көлемінің өсуі АТ қозғаушы факторлары, даму нәтижелері болып табылады. Бұл осы саланың мультифункционалдылығы мен бір уақытта автономды болуымен, оның өтпелі, енуші қасиеттерімен түсіндіріледі, ол адамның бүкіл өмір тіршілігіне тұтастай және жекелей алғанда әрбір адамға ықпалын тигізеді.

Салалық трендтер ұзақ мерзімді сипатқа ие. Кейбіреулері тіпті тұрақты, мысалға, деректердің, метадеректердің көлемінің өсуі мен пайдаланушылар санының артуы. Бірақ, олардың әрқайсысы әлеуметтік-экономикалық дамуға және қоғам эволюциясына белсенді әсерін тигізеді.

Инновациялар саласында белсенділіктің өсуі экономиканың барлық салаларында дерлік байқалады.

6.3-сурет. Салалық трендтердің АТ секторына ықпалын бағалау (%)



Дереккөздер: салалық сарапшылардың сауалнамасы

**Sarther компаниясы 2023 жылға қарай АКТ арналған жалпы шығындардың 50% артығы цифрлық өзгерістерге жұмсалатын болады, мысалы, 2018 жылы бұл бағыттың үлесі тек 27% құрайтын болатын.**



## ДЕРЕКТЕР ТҮРЛЕНДІРУШІЛЕРІНІҢ САНЫ МЕН БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ АРТУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ДЕРЕКТЕР МЕН МЕТАДЕРЕКТЕР АҒЫНЫНЫҢ АРТУЫ

Біздердің әрқайсымыз әртүрлі контенттегі деректердің тұтынушысы болып табыламыз. Алайда, бір уақытта осы деректерді біз әртүрлі техникалық айлабұйымдардың көмегімен жасаймыз. Және қазір технологиялар қарыштап қадам басқан уақыт. Олар бізді қатыстырмай-ақ контентті түрлендіреді, оны цифрлық әлемге ретрансляция жасайды, олармен өзара алмасады.

«Ақылды» заттар желісі жаңа шындық болды, әлемде өндірілетін деректердің жалпы көлемінің негізгі массасын шоғырландырады. Ноутбук, смартфон, планшет, SMART-сағаттар, «ақылды» көзілдірік, өндірістегі, көшедегі жарық жүйелеріндегі, кәріз жүйелеріндегі әртүрлі мүмкіндіктері бар датчиктер мен өзге де құрылғылар деректерді түрлендірушілер болып табылады.

белсенділіктерін де өсіріп жатыр. Олар жинайтын деректердің спектрі де ұлғайып, олардың арасында деректермен алмасу жылдамдығы да шапшаңдатылып, перифериялық құрылғылардың арқасында «ақылды» құрылғылар бастапқы талдау жасайды және т.б. ЖИ, виртуалды және гибриді шындықтың, кванттық есептеулер мен өзге де перспективалық технологиялардың дамуымен деректер алмасуы да артатын болады.

**Белгілі израиль ғалымы Юваль Ной Харари өзінің «Номо Deus» атты кітабында XXI ғасыр жаңа діннің - датазимнің (ағылштілінен data –деректер) дәуірі болады, ол дамгершіліктің орнына келеді деп болжамын айтады.**

Қазір әлемде 32 млрд. астам қаспаптар IoT желісіне қосылған.<sup>7</sup>

Соларға трафиктің көп бөлігі кетеді. Олардың саны тоқтаусыз өсіп жатыр. Сонымен қатар, өз

<sup>7</sup> AT маманданатын халықаралық зерттеу және консалтинг компаниясы

<sup>8</sup> International Data Corporation – AT маманданатын халықаралық зерттеу және консалтинг компаниясы



Хараридің баяндауындағы деректер бүкіл әлемді жаратушының орталығы болады, дәстүрлі нарықтағы институттар жойылып кетеді, әлеуметтік-саяси құрылыс түрінің үстемділігі либерализм құлайды, басқалар сияқты.

**IDC<sup>8</sup> компаниясының болжамдары бойынша 2025 жылы деректердің қосынды көлемі 175 зеттабайтқа – 175 \* 10<sup>21</sup> жетеді.**

Салыстыратын болсақ, 2018 жылы бұл 33 зеттабайтты құрады. Бұл ретте заттар интернетінен келіп түсетін Big Data өз үлесін біртіндеп жалпы деректер массивінде өсіретін болады.

Осы мәндердің масштабын анық көру үшін Сіз миллиардқа дейін санадыңыз, әр секунд сайын біреуден қосып отырасыз, не болмаса бір секунд сайын батырманы бір рет басып отырасыз.

**Сізге миллиардқа (10<sup>9</sup>) дейін жету үшін 32 жыл қажет болады, 32 мың жыл (адамзат өркениеті одан кем) триллионға жету үшін (10<sup>12</sup>). Ал, квадриллионға (10<sup>15</sup>) дейін – 32 млн.жыл (адам одан аз өмір сүреді), квинтиллионға (10<sup>18</sup>)**

**дейін – 32 млрд.жыл. Бүкіл әлем одан 2 есеге жас. Оның жасы - шамамен 13,8 млрд. жыл. Біз де секстиллионға жеткен жоқпыз – ізделіп отырған 10<sup>21</sup>.**

Яғни, деректерді беру, сақтау және өңдеу технологиялары дами беретін болады. Data-орталықтар мен бұлттық сервистердің роль күшейе түседі. Жақын болашақтың өзінде бүкіл деректердің кемінде 30% бұлттар деп аталатындар арқылы өтетін болады.

Деректерді сақтау ресурсы трафиктен кіші екені заңдылық. Сарапшылардың бағалауы бойынша, 2023 жылға қарай деректердің бүкіл әлемдік жалпы көлемі 11,7 зеттабайтқа жетеді. Сонымен қатар, IDC өндірілетін деректердің тек 1-2% ғана ұзақ уақыт бойы сақталады деп санайды.

**Яғни, пайда болатын деректердің көбі жоғалатын болады. Дегенмен, АТ дамуымен байланысты деректерді сақтаудың жаңа құралдары болашақта барлық түрлендіретін деректер массивін сақтауға мүмкіндік береді.**



## 2 САЛАЛЫҚ ТРЕНД

Құрылғылардың саны мен деректерді түрлендіретін құрылғылардың белсенділігінің артуынан басқа осы құрылғыларды қолданатын адамдар мен ұйымдардың саны да өсіп жатыр, оларға деген қажеттілік спектрі де ұлғаяуда. Адамдар мен құрылғылар - деректер ағынын ұлғайтушы прогрестің қозғалтқыштары.

Өз есебінде We Are Social компаниясы цифрлық сала Digital 2020 жағдайы туралы Интернет пайдаланушыларының саны ағымдағы жылы 4,5 млрд. адамнан асты деп дәйекті дәлелдер келтірді – **планетаның 59% халқы. 5,2 млрд. адам ұялы телефондарды қолданады - жер бетіндегі 67% адам. Әлеуметтік желілердің белсенді пайдаланушылары қазір шамамен 3,8 млрд. - планетаның 49% халқы. Орташа статистикалық пайдаланушы желіде күніне 6 сағат 43 минутын өткізеді. Бұл жылына 100 күннен артық.**

Цифрлық әлем біздің өміріміздің жартысын жұтып қойды. Біз әлеуметтік желілерде араласамыз, фильмдер көреміз және бейне жазбаларды саламыз, білім аламыз, жұмыс істейміз, кітап оқимыз, киім-кешек пен азы-түлік сатып аламыз. Егер АТ адамның алғашқы қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын болса: тамақ пен су ішу, ұрпақ жалғастыру, демалу, біз толығымен цифрлық шындыққа еніп кетер едік. Кейбір футурологтар АТ болашақта ГТП арқасында био - және гендік инженерия, нанотехнологиялар және т.б. қабілеттеріне де ие

болады деп санайды.

Трафик пайдаланушыларының көп бөлігі (53,3%) ұялы телефондарға, 44% компьютерлерге, 2,7% планшеттерге келеді. Сондай-ақ, мұнда бір адамда бірнеше құрылғыдан болады. IDC бағалауы бойынша 2025 жылға дейін жер бетіндегі әр адамға гигабайт саны орташа алғанда жыл сайын 21% өсіп отырады. Ал, бұдан әрі өсу қарқыны тек шапшаңдай түсетін болады. IDC сарапшылары 2025 жылы Интернеттің орташа статистикалық пайдаланушысы орташа алғанда 18 секунд сайын деректермен өзара байланысып, ал құрылғы желісіне қосылғандар әр адамға шаққанда 15 дейін жететін болады деп болжайды. Халық санының өсу қарқынын ескере отырып (шамамен жылына +1,1%), байланыс құралдарының қолжетімділігінің артуы, сондай-ақ жаһандық ақпараттық желіге жаңа буынның қосылуы, олардың біршама жоғары деңгейдегі техникалық пайдаланушысы бола отырып, заманауи АТ пайдаланушыларының санының артуы мен олардың белсенділігінің қарқындылығы 2035 жылға дейін тұрақты трендтер, одан кейін де тұрақты болып қала бермек.

## 3 САЛАЛЫҚ ТРЕНД

Деректерді түрлендіру, өңдеу, беру және талдау жасау саласындағы зерттеулер мен әзірлемелерді тереңдету деректер көлемінің және АТ пайдаланушыларының санының өсуімен логикалық түрде байланысты.

Мур заңы интегралды схемадағы транзисторлардың тығыздығы әрбір 1,5-2 жыл сайын біртіндеп азаяды, ол физикалық шегіне жеткендіктен емес, транзисторлардың бұдан әрі кішіреюін шектейді 3 нм – микропроцессорлардың ең кіші қадамы. Бірақ, Берклиде 1 нм. транзисторы жасалған болатын.

**Жақын болашақта схемалардағы транзисторлар санының екі еселенуі нақты мүмкін емес.**

Бұл ретте деректер көлемі мен оларды жылдам өңдеуге беген қажеттіліктің өсуі есептеу қуатын одан әрі өсіру қажеттілігіне негіз болады.

Деректермен жүргізілетін операциялар - АТ басты элементтерінің бірі. Көптеген құрылғылармен және пайдаланушылармен өндірілетін Big Data өздері өз бетімен толыққанды ақпарат болу үшін берілетін және өңделетін биттер жинағы ғана болып табылады. Оларды түрлендірумен қатар оларды беру, сақтау және өңдеу құралдары бар дамиды. Ең алдымен, бұл кванттық компьютерлер. Деректер трафигі бұлжытпай өсіп келе жатыр және АТ олармен жұмыс істеу құралдарының қуатты болуы қажет.

**Осыдан бұрын, 2020 жылдың мамырында австралиялық ғалымдар жаңа технологияларды табысты түрде сынады, оның арқасында деректерді 44,2 Тбит, дейінгі жылдамдықпен стандартты оптоалшықты жалғыз бірыңғайландырылған чип арқылы жеткізген болатын.**

Microcomb деп аталатын технология бір мезетте шамамен 5 Тбайт файлдарды немесе Ultra HD сападағы 50 фильмді жүктеп алуға мүмкіндік береді. Алыс перспективада бұл технологияда жаппай қолжетімді болады, бірақ оның қымбат болуына байланысты оның пайдаланушылары ДӨО болады.



<sup>9</sup> Әлеуметтік медиа саласындағы зерттеулерге маманданған We Are Social халықаралық агенттігі



## АТ БАЙЛАНЫСТЫ КИБЕР ШАБУЫЛДАР МЕН ҚЫЛМЫСТАР САНЫНЫҢ ӨСУІ, БАСТАПҚЫ ДЕҢГЕЙІНДЕ БІРІНШІ ЕКІ САЛАЛЫҚ ТРЕНДТЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН

Соңғы 10 жыл ішінде кибер шабуылдардың жиілігі 2,8 есеге артты. 2009 жылы Мериленд (АҚШ) уинверситетінің зерттеу деректері бойынша кибер шабуылдар әрбір 39 секунд сайын болады. Ал, 2019 жылы Cybersecurity Ventures халықаралық сарапшыларының есептеулері бойынша әрбір 14 секунд сайын.

2021 жылы олардың болжамдары бойынша, жиілігі 11 секунд сайын болып өседі. Осы динамиканы жалғастыра отырып, 2030 жылға қарай кибер шабуылдар секунд сайын белгіленуі мүмкін.

**Кибер қылмыскерліктен дүниежүзі экономикасының шығындары әртүрлі бағалау бойынша 3-тен 6 трлн. АҚШ долларына дейінгі дәлізде өзгеріп отырады, ал 2022 жылға қарай ДЭФ болжамдары бойынша жылына 8 трлн. жететін болады.**

Жалпы адамзат пен әрбір жеке тұлға жаңа технологияларға көбірек байланысты болады. қолма-қол ақшасыз есеп айырысу мен онлайн-банкинг күнделікті тұрмыста, көп миллионды қаржы операциялары әлемдік қаржы нарығында, жеке пайдаланушының ДК деректер, ұйымдардың, корпорациялардың және мемлекеттің АТ-құрылымдарында, оның ішінде қорғаныс сипатында тура немесе жанама түрде ақпаратты сақтаумен және берумен байланысты

болады, бопсалау, күшпен алу немесе қулықпен алу кибер шабуыл нысанасы болып табылады.

Қаржы жүйесіне хакерлік шабуыл жасаудың ең анық үлгілерінің бірі 2013 жылы NASDAQ биржасына бұзып кіру болды, мұнда қастық ойлаушылардың қолына шамамен 160 млн.кредиттік карталардың деректері қолға түсіп, 800 мың шоттан ақша алынған болатын. Сонымен бірге, 50 АҚШ долларына кез-келген картаға қатынау мүмкіндігін сатып алуға болады, оның ішінде онлайн-сатып алу үшін пароль мен кодты қоса алғанда.

**Қазіргі заманның хакері Сіздің құрылғыңыз бен ДК қатынау мүмкіндігін алып, сіздің өміріңізді мүлдем өзгертіп жіберуі мүмкін, Сізді қаржылық жағынан қамтамасыз етілген адамнан банкрот етуге, қоғамның құрметті сыйлы мүшесінен әлеуметтік жағынан қуғындалған адамға, заңға бағынатын азаматтан қылмыскерге айналдырып жіберуі мүмкін.**

2015 жылы The Impact Team хакерлерінің тобы Ashley Madison

танымал әлеуметтік желісін бұзды, оның аудиториясы басқа жақтан байланыс іздеген үйленген еркектер мен тұрмыстағы әйелдерден тұрады.

Кибер қылмыскерлер осы ресурстың пайдаланушылары туралы бүкіл деректер қорына ашық қатынауды ашып, соның нәтижесінде некелер бұзылып, отбасылар бөлініп кетті, ал кейбіреулері өмірімен қош айтысты. Хакерлер бұл ақпаратты желі әкімшісі сайтты жабудан бас тартқан соң ғана жария еткендігін атап өткен жөн.

Кибер қылмыстан тұрғындар да, компаниялар да, мемлекет те сақтандырылмаған. DDoS-шабуылдарға, фишингке, зиянды ДК және басқа да кибер шабуылдарға кез-келген пайдаланушылар мен ұйымдар, кез-келген құрылғылар, желілер мен серверлер, үйдегі ДК бастап ұшаққа қарсы қорғаныс жүйелерімен аяқталып барлығы да түсуі мүмкін. Әрине, АТ прогресімен кибер қауіптер тек өсе беретін болады. ЖИ, VR, AR және гибриді шындықтың дамуы, цифрландыру жаңа кеңістіктерді құрады да, хакерлік қызметтердің көкжиегін кеңейтеді, кибер соғыстардың қаупін арттырады да, әлемдік қауымдастықты осал етеді, ал кибер қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемасы одан сайын маңызды болады.

Дегенмен, әлеуметтік-психологиялық аспектіні де ескеру керек.

**Әлемде хакерлік қозғалыстарының танымалдылығы артып, тіпті әлеуметтік термин - хактивизм пайда болды, ол АТ саяси бостандық, сөз бостандығы, ақпарат бостандығы, адам құқықтарын қорғау және т.б. идеяларды алға жылжыту үшін**



### қолдануды білдіреді.

Қандай да бір идеалдар үшін күресті мағлұмдайтын хакерлердің бір бөлігі заманауи жастардың өзіндік пірі болады. көптеген адамдар хакерлік әрекеттер ізгі ниеттерде болса ұйғарымды болады, ал мұндай ұйымдардың қызметі, мысалы Анонимус (белсенділер мен хактивистердің халықаралық орталықтандырылған желісі) қажет деп санайды.

**Бұл қырынан алғанда болашақта кибер қылмыс не болып табылатындығын дәл анықтап алу қиын болады. Сонымен бірге заңды интерпретация мен қоғам пікірлерінің арасындағы анық шек пайда болады.**

Осылайша, кибер қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблематикасы болашақтың күн тәртібіндегі ең маңызды элементтерінің бірі болады. Жалпы алғанда кибер қауіпсіздікпен байланысты АТ мамандар АТ секторының еңбек нарығында ең көп сұранысқа ие мамандар.

<sup>10</sup> HackZone.ru порталы : <https://hackzone.ru/news/view/id,5204>



Қатардағы пайдаланушылар, бизнес пен мемлекеттің арасында қауіпсіздікке, ашық болуға және бейресмилікке қойылатын талаптарды кеңейту кибер қауіпті күшейтудің логикалық салдары болып табылады.

Олардың түрлері мен масштабтары жүйелі түрде өзгереді, өзегі ДК ұялы қосымшаларға, сайттардан мессенджерге және керісінше жылжитын болады.

Ақпарат біршама маңызды жеке немесе корпоративтік деректерден тұратын маңызды бағалы ресурс болып келе жатыр. Салдарында, адамдар, компаниялар мен мемлекет оны қорғауға көбірек қаражат бөліп, және бұл қорғау максималды түрдегі қорғаныс болып, кез-келген қауіптің алдын алуға қабілетті толық құрал болады деп күтеді.

Сауал алынған EY11 компанияларының сарапшыларының бағасы бойынша ТОП-3 жеке секторға ең қауіпті кибер қауіптерге қызметті тоқтату мақсатымен жасалатын фишинг, зиянды БҚ мен кибер шабуылдар кіреді.

Осыған байланысты негізгі қауіп - қаржылық және клиенттік ақпараттың, стратегиялық жоспарлардың жылыстауы не-

месе ақша қаражатының жоғалуы.

**Кибер қауіптермен байланысты қауіптер мемлекет үшін өте маңызды және әртүрлі.**

Көліктік басқару мен әлеуметтік қамсыздандырудан бастап қаржылық инфрақұрылым мен ұлттық қауіпсіздікке дейін. Және мемлекет өзінің кибер қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ешбір қаражат алдында тоқтамайды.

**Осылайша, 2019 жылдың мамырында нақты әскери күштер кибер шабуылдардың алдын алу үшін қолданылған болатын. Цахал ВВС12 хакерлік шабуыл жасалған Газа қ. ғимаратқа дәл соққы берді.**

Қатардағы пайдаланушылар кез-келген сәтте әлеуметтік желіде өз аккаунтын, банк шотын немесе электронды пошtasын бұзумен кездесуі мүмкін. Қауіптер әлбетте болады, жеке және корпоративтік деректердің

қауіпсіздігі мен жабық болуын қамтамасыз ету ұйғарымына қарай қажет.

**Ақпарат алыс болашақта қалай айналатындығын және деректерді қорғау мүлде керек бола ма деген анық түсінікті қалыптастыру біраз ауыр болады, себебі жеке және корпоративтік ақпараттың дербес құқықтылығы мәселесінде соңғы уақытта танымал ағым пайда болады.**

Қатардағы көптеген пайдаланушылар, әрине жеке өмірдің бейресмилігіне, ДД қауіпсіздігіне және құрылғылардың бейресмилігіне шығады. Бұл позицияны жеке сектор мен мемлекет бөліп алады.

Алайда, техникалық прогресс ДД толық ашылуын шығатын адамдардың санатының пайда болуына, хат алмасу құпиясы мен бос және еркін ақпарат айналымының құпиясын болдырмауға әкеледі.

Мүмкін, болашақта да осылай болады, және дербес деректер ұғымы мен бейресмилік ұғымы өзінің өзектілігін жоғалтып, ал әлемде түрленетін бүкіл ақпарат ашық қолжетімділікке ие болады.

**Ақпарат бостандығы үшін ашық, әрі трагедиялық үлгі американдық интернет белсендісі, АТ-визионерінің және Аарон Шварцтың тарихы болып табылады, ол ақпараттардың шексіз және тегін таралудың жақтаушысы болған.**

2013 жылы 6 қаңтарда JSTOR ақылы цифрлық кітапханасынан (толық мәтінді ғылыми журналдардың онлайн-агрегаторы) академиялық жарияланымдарын

<sup>11</sup> EY – әлемдегі ең ірі аудиторлық және консалтингтік компаниялардың бірі: [https://www.ey.com/Publication,vwLUAssets,ey-global-information-security-survey-rus,\\$FILE,ey-global-information-security-survey-rus.pdf](https://www.ey.com/Publication/vwLUAssets/ey-global-information-security-survey-rus/$FILE/ey-global-information-security-survey-rus.pdf)

<sup>12</sup> Цахал – Израиль қорғаныс армиясы.



тегін қолжетімділікте орналастырмақ болғаны үшін заңсыз жүктеп алғаны үшін айып тағылды.

Айыптардың барлығы, оның ішінде алаяқтық жасағаны үшін Шварцқа 35 жылға дейін түрмеге отырғызу жазасы берілетін еді.

Ол өз кінәсын мойындай отырып, мерзімін 6 айға дейін қысқартты. Бірақ, 2013 жылдың 11 қаңтарында 26 жастағы бағдарламалаушыны өз пәтерінде жіпке асылған күйде тауып алады.

Интернет-белсенділері өз етініштерімен осы жылдың 26 қаңтарында Анонимус қозғалысы АҚШ жазаларды орындау жөніндегі комиссияның сайтын бұзды, бұл Аарон Шварцтың өліміне өш алу үшін жасалғандығын хабарлады.

**Датаистер деп аталушылар (ақпарат бостандығын жоғары құндылық деп танитын ақпарат бостандығы үшін датизмді жақтайтын тұжырымдамасының ізбасарлары) әрбір адам күн сайын өзі туралы ақпаратпен бөлісіп, ештеңе құпия болмау керек деген идеяны насихаттайды.**

Бұл идея сандырақ сияқты және адам табиғатына қарай орындалмайтын тәрізді. Бірақ, XIX ғасырда коммунизм танымалдығы аз доктринадан толыққанды жаһандық әлеуметтік-саяси қозғалысқа дейін өсіп, капитализмге альтернатива болып, жеке меншік құқығын теріске шығарып, датазимнің даму

идеясын масштабты әлеуметтік-ақпараттық парадигмаға даму мүмкіндігі соншалықты ақиқат болмайтындай. Датаизмнің идеологиялық ағымы кейін пайда болса да, ол туралы білетіндер аз, іс жүзінде біз өзіміз туралы ақпаратты жариялылық кеңістікке өз еркімізбен саламыз.

Қазіргі ұрпақ әрбір өзінің әрекетін желіге салады, өз ойларымен, көңіл-күйімен, тәжірибесімен және жоспарларымен бөліседі. Олар өз өмірінің көптеген бөлігін жария өрісіне салып, жеке ақпарат деген идеяның өзін жоққа шығарады.

Және бұдан да ересек ұрпақ өзінің ДД қорғау туралы ойланбайды да. Қандай да бір қосымшаны жүктеу арқылы немесе қандай да бір сайтта тіркелу арқылы ДД беру туралы келісімді оқымастан, жай ғана «келісемін» деген батырманы баса саламыз. Біз басқа бөгде адамдарға және бағдарламаларға өзіміздің мәліметтерге қатынау ашуға рұқсат беретінімізді толық түсіне бермейміз.

ЖИ мен нейронды желілер адамдардың орнына шешім қабылдау үшін жиірек қолданылады, сенім дағдарысын дамыта отырып, түсіндірілетін ЖИ басқару сияқты идеяларға қажеттіліктер пайда болады.

Carther компаниясының сарапшыларының пікірі бойынша бұл тенденция алты басты сенім элементіне баса назар аударуды талап етеді:

- ▶ әдеп
- ▶ адалдық
- ▶ ашықтық
- ▶ жауапкершілік

- ▶ құзыреттілік
- ▶ бірізділік

**Еуропалық одақтың деректерін қорғау туралы (GDPR) жалпы қағидалар сияқты НҚА бүкіл әлемде қабылданады, эволюцияны ынталандырып, озық зияткерлік технологиялар саласында F3TKЭ жүзеге асыратын ұйымдар үшін негізгі қағидалар мен шектеулерді белгілейді.**

Адам бағдарламаларға сеніп, осы бағдарламаларға көп мүмкіндік береді. Бұл бізге берілетін мүмкіндіктермен байланысты.

АТ толығымен ашып, біз цифрлық алгоритмдерге зор жүктеме салады, бұрын біздің әлеуметтік-экономикалық жүйе жауапты болса, өмір қауіпсіздігі мен қолайлы болуын арттырады.

Мысалға, «Homo Deus» кітабында Ю.В.Харари Google біздің хат алмасуымыз бен іздеуге берілген сұраныстарға қатынау мүмкіндігін ала отырып, бірнеше минут ішінде Лондонда басталатын тұмау белгілерін анықтай алатын гипотетикалық жағдайға сипаттама береді.

#### Қалайша?

Бағдарламаға қала тұрғындарының өз хабарламаларында, электрондық хаттарында жазатын сөздерді қадағалауы жеткілікті немесе браузерде жинайды да, осы немесе басқа аурулардың ауыру белгілері жайлы деректер қорымен салғастырылады.

Егер, лондондықтар жай күні өздерінің хат алмасуларында «бас ауруы», «тұмаурату», «жүрек айнуы», «қалшылдау» деген сияқты басты сөздерді 100 мың

есе жазатын болса, ал бүгін 300 мың ретке дейін аурудың өршуі болған болса, онда эпидемия басталды деген сөз. Жалғыз шарт - пайдаланушылардың ДД, оның ішінде мессенджерлерге, әлеуметтік желілерге, e-mail, SMS-хабарламаларға және т.б. қатынау керек.

**Дәстүрлі денсаулық сақтау жүйесіне бұл үшін апталап уақыт керек болар еді. Аурудың өршу қарқынын, байланыстағы тұлғаларды анықтау, ошақ көздерін табу және т.б. белгілеп, жазып алу керек болады.**

**Біздің жеке деректерімізге қатынау мүмкіндігі бар бағдарлама мұны үнемі, үздіксіз және жоғары тиімді әсермен жасауы мүмкін.**

**COVID-13 дағдарысының аясында мұндай мүмкін сандырақ және қолжетімді болмайды.**

**Алыс болашақта адамзат қауіпсіздікті қамтамасыз ету және одан маңыздысы, тірі қалу жағына алғанда жеке өміріне қол сұқпаушылықтан толықтай бас тартуы мүмкін.**

Басқа жағынан алғанда, бейресмилік пен хат алмасу құпиялылығы пайдасына берілген дауыс та күшті.

Яғни, ДД қорғау мен жеке өмірдің бейресми болуын 2035 жылдан кейін басты өмір басымдылығын дәл болжау тіпті қиын.



Кибер қорғаныс құралдары мен тәсілдерін қазір және алдағы жылдары дамыту АТ саласындағы ең өзекті ғылыми-техникалық трендтердің бірі болады.

Цифрлық ортада өсіп келе жатқан қауіптерге жауап ретінде және дербес деректердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды қатаңдатуға кибер қауіпсіздіктің жаңа құралдары әзірленеді.

Кибер қауіпсіздіктің заманауи және перспективалық қамтамасыз ету әдістері, мысалға, аппаратты, биометриялық және парольсіз сәйкестендіру әдеттегі пароль жүйесін ығыстырып шығарады.

Логиндер мен парольдер – АТ компаниялар деректердің сақталуы мен бейресми болуын қамтамасыз етудің жаңа құралдарын енгізу траекториясына шығуына

Сонымен бірге, кибер қауіпсіздіктің жаңа құралдарында да олқылық бар. Мысалы, 2019 жылдың соңында Tencent Security компаниясынан АҚ жөніндегі мамандар 20 минут ішінде иесінің саусақ ізімен қорғалған смартфонды қалай бұғаттан шығаратындығын мысал ретінде көрсетті.

байланысты заманауи хакерлер үшін жеңіл нысана.

Су құйылған стакандағы қалған биометриялық айрықша параметрді суретке түсіріп алып және оны арнайы ұялы қосымшада өңдеп алып, олар құрылғыдағы саусақ іздерінің нақты көшірмелерін басып шығарып, оның құны 140 АҚШ долларына еріктінің смартфон ашып алған.

**Сырттан кіру мүмкіндігін толығымен алып тастау мүмкін емес, тек пайдаланушылардың өзіне жауапкершілік жүктеліп, қауіпті азайтуға болады.**

Адами факторлар өз ролін атқарады және ол арнайы салаға ғана тән сияқты.

Сол себепті пайдаланушылардың цифрлық сауатын арттыру кибер қауіпсіздікті қолдаудың іргелі кепілі болып табылады.

АТ-әзірлеушілер заманауи технологиялардағы әлсіздікті үнемі іздеп жүреді, оларды алдын алу үшін қажет. Ақаулар операциялық жүйелерде, «темірде», аппараттық және бағдарламалық қамсыздандыруда және



т.б. байқалады. Жыл сайын нарыққа қауіптерді анықтап, оларға әрекет ету үшін жаңа БАК шығарылып жатыр. АТ -секторының өзінде инфрақұрылым мен бағдарламалық-ақпараттық базаны жаңғыртумен байланысты АҚ саласындағы өзгерістер байқалуда.

**АТ компаниялар бұлттық есептеулерге біртіндеп өтуде, олар кибер қауіпсіздікті қамтамасыз етудің дәстүрлі құралдарын біртіндеп өзекті етеді.**

Garther компаниясы қазір АТ ұйымдарға жылдам өзгеріп отыратын орта үшін, мысалға, брокерлерге бұлтқа қауіпсіз қатынау үшін жылдам басқаруға арналған процестер мен құралдарға, жұмыскерлерге инвестициялау қажет.

**Кванттық есептеулер деректермен жұмыс істеудің қалыптасқан парадигмасын толығымен бұзып, ал супер қазіргі заманғы криптографиялық қорғаныс құралдары**

**кванттық компьютерлердің мүмкіндіктерінің алдында әлсіз болады.**

**Болашақта физикалық және инженерлік қиындықтарды игерген соң олар ең сенімді деген қорғаныс құралдарын жеңіл игеретін болады.**

Мысалы, қазіргі уақытта көптеген қосымшаларда қолданылатын RSA-1024 кілттің шифрын бұзу үшін кванттық компьютер бір күннен аз уақыт қажет болады, ал қазіргі қуаттылығы жоғары суперкомпьютерлер үшін жүздеген жыл қажет болады.

Кванттық алгоритмдерді оңтайландыру осы уақытты одан сайын көбірек қысқарта алады. Толыққанды қуатты кванттық компьютерлерді ойлап шығару криптографияларға деген тәсілдерді біраз өзгертеді.



7 САЛАЛЫҚ  
ТРЕНДӨМІР ТІРШІЛІГІН ВИРТУАЛИЗАЦИЯЛАУ. ӘЛЕМ  
БІРТІНДТЕП ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ ШЫНДЫҚҚА ӨТЕДІ.

Ол біздің өміріміздің көптеген бөлігін қамтиды. Біз әлеммен біраз үзілістермен цифрлық түрде үнемі өзара байланыста болады.

Виртуализациялаудың логикалық салдары цифрлық аяға толығымен ену болады. Заводтардың виртуалды телқосақтары қазір цифрлық модельдер арқылы ірі өндірістерді басқаруға мүмкіндік береді. Перспективасында бұл қалалар мен аумақтарға, көлік магистральдарына және әлемнің тұтас аймақтарына өтеді.

**Табиғи түрдегі жалғасы әрбір адамның цифрлық клонын жасау болуы мүмкін, олар алдымен, цифрлық кеңістікте адамдарды басқаруды өз қолына алады, ал содан соң біздің толыққанды виртуалды бейіні болып кетеді.**

2020 жылдың басында Samsung еншілес компаниясы – Project Neop – іс жүзінде цифрлық аватарлар деп аталатын жасанды адамдарды ұсынды. Әрине, технология әлі жетілмеген, бірақ оның әмбебап ЖИ немесе гибриді интеллектпен жиынтықта шексіз дерлік және адамның цифрландыру саласындағы

революцияға әкелуі мүмкін. Өмір тіршілігін виртуалды ету адамдардың бір-бірімен нақты байланысын азайту қаупін тудыртады.

**Қашықтықтан жұмыс істеу, қашықтықтан сатып алу, виртуалды саяхат жасау, қолтілдесімді виртуалды ету мен сезіну алгоритмі мидағы алгоритмінің өзі синтезделуі мүмкін.**

Цифрлық аватар нейрокомпьютерлік интерфейстер мен биоинженериядағы озық технологиялардың арқасында әрбір адам үшін екінші «МЕН» болуы мүмкін.

Тренд қоғамда көптеген қайшылықтарды тудырады. Жас ұрпақ оның жолына қуанышпен шығады, ал ересек жастағы буын өкілдері оны сенбей, ал кейде тіпті қауіп деп қабылдайды. Виртуалды-синтетикалық қатынастарды адамның өмір тіршілігіндегі әлеуметтік-тұрмыстық шеңберді алмастырып, әлем картинасын түбегейлі өзгертіп жіберуі мүмкін, көшелерде адамдар қалмайды.

8 САЛАЛЫҚ  
ТРЕНДАТ-ИНФРАҚҰРЫЛЫМДАРДЫ ІРІ ЖӘНЕ ӨТЕ ІРІ ҰЙ-  
ЫМДАРҒА КҮРДЕЛЕНДІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПРОПРИ-  
ЕНТАРЛЫҚ ЦИФРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕСІ БАР АВТОНОМДЫ  
АТ-ПЛАТФОРМАҒА ӨЗГЕРТУ

Бұл тренд ағымдағы кезеңде цифрландырудың логикалық аяқталуы болып табылады.

Экономиканың барлық салаларына АТ ену қарқыны мен масштабын назарға ала отырып, долбарлаған орта және ірі бизнес өзінің цифрлық әлеуетін өсіреді. Бұл екі қуатты факторлармен байланысты: сөзсіз экономикалық пайда, сондай-ақ, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігі.

Garther талдаушылары **2023 жылға қарай ірі компаниялардың 60% жеке меншік цифрлық экожүйеге негізделетін болады**, ол штаттық бағдарламалаушылармен және қосымша әзірлеушілерімен сүйемелденеді, олардың қызметі клиенттермен де, ішкі және сыртқы бизнес-процестермен өзара байланыс орнату түрінде қамтамасыз ететін болады. осы кәсіпорындардың жартысы проприетарлық цифрлық экожүйе платформасы арқылы табыстың кемінде 20% алатын болады.

Басқа әлемнен қалыс қалмас үшін экономиканың барлық саласының компаниялары үшін цифрлық өзгерудің ұзақ мерзімді жоспарларын әзірлеу қажет, ал оларды жасап, орындау үшін цифрландыру жөніндегі білікті мамандарды

тарту қажет. IDC болжамдары бойынша, АТ жұмсалатын барлық шығындардың 75% өнімді алға жылжыту үшін платформаларды әзірлеумен байланысты болады.

**Экономиканың барлық секторларында барлық кәсіпорындардың 90% цифрлық экономика жағдайларында бұдан әрі даму үшін жеке меншік цифрлық АТ ортаға өтетін болады.**

Кәсіпорындардың табысы кешенді экожүйені конвергирациялайтын тармақталған АТ инфрақұрылымның болуына байланысты болады. Мұндай кәсіпорындар мен ұйымдар бұлттық технологияларды, ЖИ пен IoT, Agile және DevOps-тәжірибелерін, цифрлық инновациялық платформалар мен қауымдастықтарды, сондай-ақ, деректер мен ақшалы етуді бірыңғайландырылған басқаруды қолданады.

Өмір тіршілігін қарқынды виртуализациялаудың қарқынын ескере отырып, кез-келген салалық компанияның күрделі АТ ұйымға айналу эволюциясы уақыт талабы болып табылады.



Басқаша сөзбен айтсақ, болашақта кез-келген компания бірінші кезекте АТ компания, ал одан соң өнім немесе қызмет өндірушісі болады.

Салалық трендтердің деректерімен бірге сарапшылар қауымдастығы Форсайт-сессия барысында азамның өзгерістерімен байланысты трендтер қатары ұсынылды. АТ адамның тарихи эволюциясын желдету құралының бірі болып келе жатыр.

Өркениет өз тарихында 3 негізгі проблеманы еңсеруге ұмтылды: аштық, індет, соғыс. Қазір бұл проблемалар шешілген, бірақ, олардың орнына басқалары келді: артық қоныстану, әлеуметтік теңсіздік, экологиялық дағдарыс пен табиғи ресурстарды тауысу. Бұл ретте осы проблемалардың өзара байланысу дәрежесі аумақтық аспектіде біраз

дифференциалды. Жай дамыған елдерде ол тіпті қиын, дамыған елдерде өзекті проблема. Олардың шешімін табуға планетаның барлық түпкірінен ақылдылар жұмыс істеуде.

Қазір әлемнің барлық мемлекеттері адамдардың өмір сүру деңгейінің сапасын арттыруда өздерінің идеялық-теориялық деңгейде жоғарыда аталған проблемалардың түп тамырымен құртылуын болжайды. Сонымен бірге, дамушы және дамыған елдер үшін халықтың тұтынушылық санасының терең өзгеруі тән. Бұл заманауи сұраныстарды есепке ала отырып, өмір сапасын жақсартуға және оны түзетуге негізделеді.

АТ – басты сұраныстардың бірі және бір уақытта көзқарасы жағынан оларды қанағаттандыру құралы.

## 9 САЛАЛЫҚ ТРЕНД

### АТ ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ДЕРБЕСТЕНДІРУ

*Қосымшаларды әзірлеуге деген интуициялық, көзбен көрінетін тәсіл, үлгілерді, дайын модульдерді пайдалану үлгісінде жұмыс міндеті ретінде осы процесті жеңілдету біліктілігі кез-келген деңгейдегі әзірлеушілерге бағдарламалау тәжірибесі аз ұялы қосымшалар мен веб қосымшаларды жасауға мүмкіндік береді.*

Бұл болашақта бағдарламалау негіздерін меңгерген әрбір адам өзінің АТ өнімдерін жасай

алатын болады. ұзақ мерзімді перспективада бұл бәсекелестіктің жарылыстан өсуіне бастама болады.

**Салдарында салаға оның біліктілігі төмен сегментіне кірудің табалдырығымен төмендейді.**

**Мүмкін, күрделі өнімдерді құру үшін тиісті білім мен тәжірибе қажет болады.**

**Алайда, кодтарды жазуға емес бағдарламаларды құрылымдауға негізделген, визуалды бағдарламалауды дамытумен байланысты еңбек сыйымды өнімдерді әзірлеу болашақта тереңдетілген дағдыларды талап етпейтін болады.**

Технологияларды демократияландыру техникалық немесе кең емес және көптеген жағдайларда қымбат тұратын бизнес-білімге қатынауды жеңілдетуді білдіреді.

Процесс төрт басты салалаға негізделеді:

- ▶ қосымшаларды әзірлеу
- ▶ деректер мен аналитика
- ▶ дизайн
- ▶ білім.

Технологияларды демократияландыру «азаматтардың қолжетімділігі» деп жиі айтылады, азамат-бағдарламалаушылардың, азамат-әзірлеушілердің, дизайнерлердің және басқалардың қатарының өсуіне әкеледі.

Мысалы, демократияландыру деректер моделінің әзірлеушілеріне деректерді зерттеуші дағдыларын игерместен жасауға мүмкіндік береді. Мұның орнына олар бастапқы кодтың түрлендіру және тестілеу процесін автоматтандыру үшін ЖИ басқаруға әзірлеу деп болжайды.

**Сонымен қатар, маңызды тенденция АТ дербестендіру бо-**

**лып табылады. Кез-келген өнім қазір нарыққа, бұқараға жай ғана шығарылмайды, өзекті қажеттіліктерге релеванттылығы тақырыбында ойластырылып шығарылады.**

**Тұтынушылармен әрі қарай байланысуы тұрақты түрдегі белсенді дербес байланыс, кері байланыс алу, пайдаланушылар тәжірибесіне мониторинг жасау негізінде болады, болашақта ол мультитәжірибе деп аталады.**

**G**arther технологияларды білетін көп тәжірибелілік сауатты, технологияларға шыңдалған адамдарды ауыстырады. Бұл тенденцияда компьютердің дәстүрлі идеясы біртұтас өзара байланысу көзқарасынан дамиды, және тасымалданатын, жетілдірілген компьютер датчиктері сияқты мультисенсорлық және мультиканалды интерфейстерді қамтиды.

